# SARYARQA

10 shilde
2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№25 (8189)



KÚN TÁRTÍBİ
ӘЛЖУАЗ ТОПТАР ҚОЛДАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ
2-бет

AINA
ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР ЖАҢАРЫП ЖАТЫР
3-бет

TANYM
АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ ЖӘНЕ НАРМАНБЕТ
4-бет

RÝHANIAT
ИСЛАМДАҒЫ ТАЗАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ
6-бет




*Талайдың өмірін жалмап жатқан COVID-19 күн өткен сайын қарқын алмаса, тоқтамақ емес. Бүгінде көпшілік сағат сайын жаңартылып отырған статистикалық мәліметтерге қарағысы жоқ. Өйткені – қорқынышты. Сары уайымға салынып, дәрі-дәрмек іздеп дәріханалардың табалдырығын тоздырған Жезқазған жұртшылығын қала әкімі Қайрат БЕГІМОВ «Facebook» әлеуметтік желісіндегі парақшасында сабырға шақырып, біздегі ахуал бақылауда екенін жеткізді. Сондай-ақ, ол науқастарды стационарда емдейтін орын мен дәрі-дәрмектің де жеткілікті екенін айтты.*

# ҚАЛА БИЛІГІ ҚАМСЫЗ ОТЫРҒАН ЖОҚ

Бүгінгі таңда ауыр індетке шалдыққан науқастарды емдеп, медициналық көмек көрсету үшін Жезқазған қаласындағы көпбейінді аурухана базасында 350 орындық провизорлық бөлімше, сондай-ақ Сәтбаев қаласында барлығы 190 науқасты қамти алатын үш стационар жұмыс жасап тұр. Осылайша, қазір бізде 540 орын бар. Қазірдің өзінде көп бейінді ауруханадағы провизорлық бөлімшеде 274 адам ем қабылдауда. Яғни, науқастардың ешқайсысы орынсыз да, ем-домсыз да қалмақ емес.

Онымен қоса, стационарда 20 орынға шақталған балалар-жасөспірімдер бөлімін ашу мәселесі қарастырылуда. Сондай-ақ, көпбейінді аурухананың жанындағы жұқпалы аурулар корпусин қазан-қараша айында іске қосу жоспарланып отыр. Онда 54 науқасқа орын дайындалмақ. Дертке шалдыққандар санының күрт өсуі Жезқазған университетінің Байқоңыров көшесінде орналасқан жатақханасында 300 төсек-орынға шақталған инфекциялық госпиталь ашу туралы шешім қабылдауға негіз болды. Балаларының өміріне алаңдаушылық білдіріп, дабыл қаққан ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп басталды. Аталған госпитальда жұқпалы аурулар ауруханасына қойылатын және карантин режимінің барлық талаптары қатаң сақталады және тәртіп сақшыларымен күзетіледі. Аталған сақтық шаралары вирустың маңайға жайылу қаупінен сақтамақ.

►►*2-бетте*

# ВОЛОНТЕРЛЫҚҚА БАУЛУДА

***Күллі әлемді уысында ұстап отырған коронавирустық пандемиямен күрес барынша ұйымдасқан әрі шұғыл болуы тиіс. Өйткені, індет күн сайын емес сағат, тіпті минут сайын белең алып барады. Бүгін – күш біріктіріп, бір-бірімізге демеу болатын сәт. Осыны ұғынған Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжінің ұжымы жергілікті тұрғындарды волонтерлыққа баулитын семинарларды тегін оқытуды бастады.***



Қазіргі таңда қаладағы барлық медициналық мекемелер мен ондағы ақ халаттыларға оңай соғып жатқан жоқ. Ауыр індетпен қатар өршіген тұмау науқастардың санын еселеп жіберді. Сондықтан, қазір алғашқы медициналық көмекті көрсете алуды білген жөн.

Дегенмен, мойындау керек, екінің бірі дене қызуын өлшей алса да, қан қысымы мен пульсқа келгенде қиналары сөзсіз. Одан бөлек төсек тартып қалған науқасқа мейірбикелік күтім көрсету тағы бар. Міне, осындай алғашқы көмекті көрсетуді кез келген жезқазғандық 36 сағаттық «Науқастарға көрсетілетін мейірбикелік күтім» тақырыбындағы семинарға қатысып үйрене алады. 7 шілдеде бастау алған алғашқы семинарға 12 адам қатысып жатыр. Олардың барлығы семинар аяқталған 11 шілдеде еріктілер қатарына қосылып, көмек қолын тосып отырған қариялардың жанынан табылуды мақсат етуде. Болашақ волонтерларға алғашқы көмек негіздерін үйретіп жатқан медициналық колледждің оқытушылары Айнұр Гусманова, Ольга Моторыкина мен Айгүл Қалманбаева карантин талаптары мен сақтық шараларын жіті түсіндіруді де ұмытып жатқан жоқ. Осылайша, волонтерлар ертең науқасқа көмек көрсетумен қатар түсіндірме жұмыстарын да жүргізетін болады.

«Волонерлыққа бет бұрып, семинарға қатысамын деушілер болса, біз оқытуға дайынбыз» деген жоғары медициналық колледждің біліктілікті арттыру маманы Ақнұр Мұсаева қатысушылар болса, семинарлар жалғасатынын жеткізді. Ниет танытқан жезқазғандықтар **41-02-30** телефонына хабарласа алады.

**Өз тілшіміз**


АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТІ САЙЛАУЫНА КАНДИДАТТАР НАЗАРЫНА!**

**«Saryarqa» газетінің меншік иесі болып табылатын «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС (бұдан ары қарай – газет) Қазақстан Республикасының** «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабы 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың (бұдан әрі – Кандидаттар) сайлауалды үгіт материалдарына ақылы негізде орын беретінін хабарлайды және сайлауалды үгіт материалдарының төмендегідей бағасы мен оларды газетке орналастыру шарттарын, орын беру тәртібін жариялайды:

– ақылы материалдың көлемі шаршы сантиметрмен есептеледі;

– кандидаттардың сайлауалды үгіт материалдарына орын беру материалдардың редакцияға келіп түсу ретіне қарай түзілетін кезек арқылы жүзеге асады.

Кандидаттардың сайлауалды үгіт материалдарын орналастырудың әр шаршы сантиметрі үшін алынатын төлем мөлшері:

**1-бет үшін – 300 теңге;**

**2-бет** үшін – **200 теңге;**

түрлі-түсті беттер үшін – 2**00 теңге;**

ақ-қара түсті беттер үшін – **100 теңге.**

Жарияланатын үгіт материалдарында қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлем, материалдың шығуына жауапты тұлғалар, қаржыландыру көзі туралы мәліметтер көрсетілуі керек.

**«САРЫАРҚА ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС**


***Коронавируспен күрес қоғамнан жұдырықтай жұмылып, қиындықты бірлесіп еңсеруді талап етеді. Осыны ұғынған жезқазғандық жеке кәсіпкер Бауыржан Мұқашев алғашқылардың бірі болып аурухана кереуетіне таңылып, өздігінен тыныс ала алмай жатқан жерлестеріне қамқорлық танытты.***

# КӘСІПКЕРДЕН – КОНЦЕНТРАТОР



«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші ұдайы игі істердің жанынан табылатын жеке кәсіпкер Жезқазған қаласының орталық ауруханасына 4 дана оттектік концентратор сыйлады. Аурухана қорында тыныс алдыру аппараттары бар. Науқас саны күн санап өскен мына пандемия кезінде қосымша аппарат та артық болмайды. Сондықтан, кәсіпкерлердің көмегі өте қажет. Осы ретте, бір емес бірнеше адамның өмірін аман алып қалуға себеп боларлық қайырымдылық жасаған Бауыржан Тортайұлына барша жезқазғандықтардың атынан ризашылығымызды білдіреміз, – дейді қалалық көпбейінді аурухана директорының орынбасары Ғабиден Аханов.

**Өз тілшіміз**

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ 99,3%-ы ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН ИНТЕРНЕТПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

***2020 жылдың соңына дейін Қазақстан халқының 99,3% кең жолақты интернетті пайдаланатын болады. Бұл туралы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінен хабарлады.***



Ақпаратқа сәйкес, биылғы жыл басынан бері 649 шалғай ауылға талшықты-оптикалық байланыс желілері тартылып, кең жолақты интернет қосылды. Ал 2020 жылдың соңына дейін байланыс операторлары барлығы 1250-ден астам ауылды сапалы интернетпен қамтамасыз ететін болады.

«Ол үшін 20 мың шақырым талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылуда. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында жүзеге асырылып жатқан жоба 2018 жылы басталды. Оның басты мақсаты – 3700-ден астам мемлекеттік орган мен бюджеттік ұйымдарды, оның ішінде мектеп, аурухана, әкімдік және тағы басқасын кең жолақты интернетке қосу. Сонымен қатар, жоба жүзеге асырыла бастағалы бері шалғайдағы 962 ауыл жылдамдығы жоғары интернетпен қамтылды», – деді ведомстводан.

ҚР Цифрлық даму министрлігі Телекоммуникация комитетінің төрағасы Виталий Ярошенконың айтуынша, бұл жоба басқа да жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызбақ.

«Шалғайдағы ауылдарға жылдамдығы жоғары интернетті тарту үшін инфрақұрылым қажет. Қазір байланыс операторлары тиісті инфрақұрылым - «Оптика» желісін тартып жатыр. Бұл, мобильдік операторларға осы «оптоталшыққа» қосылуға және сапалы интернетпен қамтуға мүмкіндік береді. Осылайша, 3G/4G мобильді технологиясы немесе сымсыз байланысу технологиясы бойынша бір ауыл ғана емес, жақын маңдағы ауылдар да кең жолақты интернетке қосылады», – деп атап өтті В.Ярошенко.

Министрлік Қазақстанда интернет желісін одан әрі дамытуға бағытталған тағы бір жоба іске асырылып жатқанын еске салды.

«Оның аясында, 2020 жылдың соңына дейін ұялы байланыс операторлары 3G/4G мобильдік және FWA - FixedWireless Access сымсыз байланысу технологияларын қолдана отырып, тұрғын саны 250-ден көп ауылдардың бәрін кең жолақты интернетке қосады. Министрлік ұялы байланыс операторларымен бірге ынтымақтастық туралы тиісті меморандумға қол қойды. Осылайша, осы жылдың соңына қарай ел халқының 99,3% кең жолақты интернетті пайдаланатын болады», – деді ведомстводан.

### «ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ» ПОРТАЛЫНДА АЙЫППҰЛ ТӨЛЕУГЕ БОЛАДЫ




***«Электрондық үкімет» порталында әкімшілік айыппұлды, сондай-ақ жол қозғалысы ережесін бұзғаны үшін айыппұлды табу және оларды төлеу мүмкіндігі пайда болды.***

eGov.kz порталында тіркелген және ЭЦҚ бар пайдаланушылар айыппұлдарды үйден шықпай-ақ төлей алады. Қызмет – жеке тұлғаларға қолжетімді.

Айыппұлдарды онлайн төлеудің артықшылығы – пайдаланушы үйден шықпай-ақ құқық бұзушылық құрамымен танысып, төлей алады, бұл ретте чек Жеке кабинетте сақталады. Одан басқа, құқық бұзушылық болған кезде түсірілген суретті алу мүмкіндігі бар, ол салынған айыппұлдың заңдылығына көз жеткізуге көмектеседі, – деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Әсет Тұрысов.

Порталда «Әкімшілік айыппұлдар мен жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдарды іздеу және төлеу» қызметін алу үшін басты беттегі «Көлік және коммуникация» бөлімін таңдап, одан кейін «Автомобиль көлігі» санаты бойынша басу қажет. Порталда авторизациядан өтіп, «Онлайн төлеу» батырмасына өтіңіз.

Айыппұлды іздеу үшін ЖСН немесе ТАӘ және туған күнін енгізу қажет. Айыппұлдар болған жағдайда пайдаланушының экранына орын алған бұзушылықтар, сондай-ақ өтініш берушінің деректері, бұзушылық біліктілігі, құқық бұзушылықты анықтаған орган, құқық бұзушылық жасалған (табылған) күні, хаттама жасалған күн, хаттама нөмірі, салынған айыппұл сомасы шығарылады. «Толығырақ» батырмасын басқан кезде аланда құқық бұзушылықты тіркеу суреті пайда болады. «Төлеу» дегенді таңдап, ЭЦҚ көмегімен қызметке қол қоя отырып, пайдаланушының жеке кабинетіне құқық бұзушылық үшін төленген чек бекітіледі.

«Азаматтар әкімшілік айыппұлдар мен ЖҚЕ бұзғаны үшін айыппұлдарды онлайн төлеп қана қоймай, сонымен қатар, ЖСН немесе жеке деректердің көмегімен құқық бұзушылықтарды үйден шықпай-ақ қадағалай алады. Қазынашылық шотына ақша аударуды банк 2 жұмыс күні ішінде жүзеге асыратынын атап өтеміз. Қызмет көрсету нәтижесі төлем туралы электрондық чек болып табылады», – делінген хабарламада.

### ҚАРАҒАНДЫЛЫҚТАР ДӘРІ БАҒАСЫНА «WHATSAPP» АРҚЫЛЫ ШАҒЫМДАНА АЛАДЫ

***Қарағанды облысында медициналық препараттар мен маскалардың бағасын негізсіз көтеру фактілері туралы 8-701-7-109-109 нөмірі (WhatsApp) бойынша шағымдануға болады.***



«Senim 109» қызметіне жүгінуге қойылатын басты талап – ақпарат шынайы болуы тиіс. Анықталған заңбұзушылықты растайтын фото немесе видеоны қоса берген абзал.

Өңір тұрғындарының өтініштерін мобильді топтар өңдеп, оқиға орындарына шығады. Сонымен қатар, 8-701-7-109-109 нөмірі бойынша келесідей жағдайда шағым айтып, хабарласуға болады:

– жұмыс беруші қолданылған немесе жыртылған маска/қолғаптар берсе, не болмаса денсаулық сақтау құқығын басқалай бұзатын болса;

– ЖРВИ белгілері бар, яғни Covid-19 індетін тасымалдауы мүмкін тұлғаға жұмысқа шығуына рұқсат берсе;

– қоғамдық орындарда, автобустарда, аялдамаларда антисанитарлық жағдайды байқасаңыз.

Егер сізде «WhatsApp» болмаса, ереже бұзушылықтар жайлы 109 нөміріне, «Instagram»-дағы senim 109 direct-ке немесе қыметтің «Facebook»-тегі парақшасына жазуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, қазақстандықтар медициналық препараттар бағасының негізсіз көтерілуіне «DariKZ» мобильдік қосымшасы арқылы да шағым бере алады.

Онда Қазақстанда тіркелген препараттардың шекті рұқсат етілген бағасы белгіленген. Сонымен қатар, бұл қосымшада келесідей ақпараттар бар:

– препараттар түпнұсқа немесе дженерик болып табыла ма;

– баламалары бар ма;

– дәрі рецептісіз беріле ме және тағы басқа да ақпараттар.

«Darikz» мобильдік қосымшасын Google Play Market-тен жүктеуге болады.

### БАС МҮФТИ ДӘРІ БАҒАСЫН ҚЫМБАТТАТЫП ЖАТҚАНДАРҒА ВИДЕОҮНДЕУ ЖОЛДАДЫ



***Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы дәрі бағасын қолдан қымбаттатпауға шақырды.***

– Асыл дінімізде қажет уақытта керек көмекті жасау үлкен сауапты амалдың біріне жатады. Сындарлы сәтте науқас жандарға қажетті дәрі-дәрмекті жеткізіп, алғысын алайық. Дәрі бағасын қолдан қымбаттатуға жол бермей, жақсылық жасауға асығайық. Ал жұртымызды жұқпалы індеттен арашалап алуға бар күшін жұмсап, жан-тәнімен қызмет етіп жүрген ақ халатты абзал жандарға жылы сөзімізді арнап, жігерін оятайық. Олар үшін әрдайым дұғада болайық, – деді ҚМДБ төрағасы видеоүндеуде.

Бас мүфтидің көптеген азамат сынақ сәтінде садақа беріп, құрбан шалып, дұға етіп жатқандығын атап өтті. Садақамыз бен құрбандығымыз осы бір нәубетті кезеңнен аман-есен өтуге себепкер болсын деген тілегін жеткізді.

Біз тағы да жамағатпен дұға жасап, истиғфар, салауат айтуға ниет етіп отырмыз. Халық даналығы: «Көп тілегі көл болар» дейді. Баршаңызды көппен бірге ел игілігі үшін дұға жасап, салауат пен истиғфар айтуға шақырамын. Халқымыз «Ауыр жол – атаңды сынайды, ауыр іс – адамды сынайды» деген. Расында бұл сынақ жас пен жасамысқа оңай тиіп жатқан жоқ. Алла Тағала дертке шалдыққандарға шипа беріп, дәм-тұзы таусылған жандарды мейіріміне алғай. Әмин!, – деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

### КВИ-дан ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР ҚАНШАҒА ЖЕРЛЕНЕДІ?




***Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек «Saryarqa» телеарнасындағы брифинг барысында облыс аумағында жерлеу қызметін көрсетуші мекемелердің қызметақысына қатысты сұраққа жауап берді.***

Жаңаарқа ауданында коронавирустан күніне бес адамға дейін қайтыс болып жатқан жоқ. Осыған дейін интернетте жарияланған ақпарат шындыққа сәйкес келмейді. Облыс әкімі брифинг барысында маусым айында Жаңаарқа ауданында әр түрлі себептермен 24 өлім жағдайы тіркелгенін мәлім етті.

Сондай-ақ, тікелей эфир барысында облыс басшысына салттық қызметтер бағасының негізсіз өсуі туралы сұрақ қойылды. Әлеуметтік желілерде белгілі бір агенттік Қарағандыдан Қарқаралыға өлген адамның мәйітін жерлеу үшін 500 мың теңге талап еткені туралы жарияланым пайда болды.

– Облыс орталығында жерлеу қызметтерінің құны – 150 мың теңге. Карантинге дейін де осындай баға болды. Өткен аптада бұл мәселе талқыланды. Қарағандыда «КВИ» диагнозымен жерлеу қызметін тек «Патологоанатомиялық орталық плюс» ЖШС көрсетеді. Фирма басшылығымен қала бойынша бағаны 150 мың теңге, облыс бойынша барлық аудандарға жеткізуді қоса есептегенде 200 мың теңгеге дейін қалдыруға уағдаластық. Мысалы, Қарқаралы, Жәйрем, Нұра ауданы, Балқаш, Қарқаралы бойынша негізсіз төлем фактісі расталмады. Егер сіздерде дәлел бар болса, растайтын құжаттарды талап етіңіздер, біз әрбір жағдайды анықтауға дайынбыз, – деді Жеңіс Қасымбек.

## COVID-19

### *Жеңіс ҚАСЫМБЕК:*

# АЛАҢДАУҒА НЕГІЗ ЖОҚ

***Қарағанды облысында қосымша ПТР-зертханалар, провизорлық стационарлар мен пульмонологиялық госпитальдар ашу үшін шаралар қабылдануда. Бұл туралы Қарағанды облысының әкімі Жеңіс ҚАСЫМБЕК сейсенбі күні «Saryarqa» телеарнасының тікелей эфирінде мәлімдеді.***



Өңір ауруханаларындағы төсектер саны 4 200-ге өсті. Қарағанды облысында барлығы 20 инфекциялық бейіндегі медициналық нысан және 14 пульмопровизорлық госпиталь жұмыс істейді.

– Инфекциялық бөлімшелердегі жүктеме 81%, провизорлық бөлімшелердегі жүктеме 79% құрайды. Мысалы, Қарағанды бойынша бүгінгі күні жұқпалы аурулар стационарларында 1 264 төсек бар, оның 141-і бос. Провизорлық стационарларда барлығы 720 төсек, бос 118 төсек бар. Дегенмен, біз жұқпалы және пульмопровизорлық төсек санын арттыру бойынша шаралар қабылдаймыз, – деді аймақ басшысы.

Қарағандыда 350 орындық пульмопровизорлық госпиталь ашылуға дайын. Ол компьютерлік томографпен және тыныс алу жеткіліксіздігі бар науқастарды емдеуге қажетті медициналық газ берудің заманауи жүйесімен жабдықталған.

Жезқазғанда жақын арада 350 орындық провизорлық стационар жұмыс істейді. Сондай-ақ, мұнда 250 төсекке шақталған инфекциялық госпиталь пайдалануға беріледі.

Балқашта да 100 төсектік пульмопровизорлық стационар ашылады

Облыстың басым бағыттарының бірі ауруханалар мен госпитальдарды техникалық жабдықтау болып табылады. Соңғы аптада 47 ӨЖЖ аппараты, әрқайсысы екі пациентке арналған 160 оттегі концентраты және 146 пульсоксиметр сатып алынды.

– Қазір қосымша 80 ӨЖЖ аппаратын және 1 200 оттегі концентраторларын, 500 пульсоксиметрлерді, 16 сандық рентген аппаратты, 3 дана орталықтандырылған медициналық газдармен қамтамасыз ету жүйесін және басқаларын сатып аламыз, – деп хабарлады Жеңіс Қасымбек.

Облыста тәулігіне 3 мың талдау шығаратын үш ПТР-зертхана (екеуі Қарағандыда және біреуі Жезқазғанда) жұмыс істейді. Осы аптаның соңында Теміртауда ПТР-зертхана жұмысын бастайды, тамыз айында Балқашта ашылады.

Өңірде 16 компьютерлік томография кабинеті бар. Осы аптада Қарағандыда тағы бір компьютерлік томографты орнату аяқталады. 20 шілдеге дейін Шахтинскіде іске қосылады. Облыста қазан айына қарай барлығы 21 компьютерлік томография кабинеті жұмыс істеуі тиіс.

Облыста эпидемиологиялық жағдайдың күрделенуіне байланысты 27 жаңа жедел жәрдем бригадасы жолға шықты. Шақыруларға барлығы 122 көлік шығады.

– Қазір мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде ауруларды халық емімен және басқа да баламалы әдістермен емдеу бойынша көптеген дәйексіз ақпарат таратылуда. Айта кету керек, ауыр ауруларды емдеу, антибиотиктерді тағайындаумен тек дәрігерлер ғана айналыса алады. Өзін-өзі емдеу өлімге дейін әкелуі мүмкін, – деп атап өтті облыс әкімі.

Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек брифинг барысында аймаққа дәрі-дәрмек жеткізу туралы да айтып берді. Бөлшек дәріхана желілеріне жақын арада дәрі-дәрмектердің ірі партиялары жеткізілетін болады.

Қоймаларға ингавириннің 10 мың орамасы, азитромициннің 15 мың орамасы және цефтриаксон келіп түсті. Сондай-ақ, арпефлю жеткізіледі деп күтілуде. Жақын арада парацетамолдың 190 мың орамасы облыстың дәріханалық желісіне жөнелтіледі.

Маусым айының соңғы күндері дәріханалық желілерден ыстықты түсіретін, вирусқа қарсы препараттар мен антибиотиктердің кейбір түрлерінің бір айлық қоры сатып алынды. Және де жеткізу тоқтатылған жоқ.

Аймақ басшысы дәрі-дәрмектерде алыпсатарлыққа жол берілмейтінін атап өтті. Пандемия кезінде қаржылық пайдаға кенелу кейбір науқастардың өмірін арашалап қалуға кедергі болуы мүмкін.

– Дәрі-дәрмектердіің бағасын өсіріп сататындардың барлығын қатаң жаза күтетінін ескерткім келеді. Дәрі-дәрмектерді жоғары бағамен сату – бұл адамгершілікке жатпайтын нәрсе. Біз дәріханаларда дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың болуын анықтау бойынша мониторингтік топтар құрдық. Егер дәрі-дәрмектерді дәріханадан тыс сату фактілері анықталса, полицияға жүгіне аласыздар. Қазірдің өзінде ұсталғандар бар, – деп атап өтті Жеңіс Қасымбек.

Өңір дәріханаларына дәрі-дәрмек жеткізу үнемі бақылауда.

Өнім қауіпсіздігіне қатысты. Қарағанды облысының азық-түлік қоймаларында және тұрақтандыру қорында 57 мың тоннадан астам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік қоры бар. Жеткізумен еш іркілістер жоқ.

Жақын арада картоп, пияз, сәбіз, қырыққабат, күріш, қарақұмық және өсімдік майының ірі партиялары келіп түседі.

Осы жылдың наурыз айында болғандай, оларға деген сұраныс үш есе артса да, қолда бар азық-түлік өңірдің барлық тұрғындарына жеткілікті.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің бағасы бақылауда. Алаңдауға негіз жоқ.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

# ҚАЛА БИЛІГІ ҚАМСЫЗ ОТЫРҒАН ЖОҚ






***(Соңы. Басы 1-бетте)***

ЖезУ жатақханасында 7 шілдеден бастап іске қосылған госпитальде қалалық емхананың медициналық қызметкерлері науқастарға көмек көрсетуде. Бір күннің ішінде орталықтан сынамасы COVID-19 деп расталған 20 науқас аталған госпитальге орналастырылды. Оларға қажетті дәрі-дәрмек пен залалсыздандыру құралдары жеткілікті көлемде «СК-Фармация» ЖШС-дан күнбе-күн жеткізілуде. Антивирустық препараттар мен витаминдер, антибиотиктер мен антисептикалық дәрі-дәрмектерді көмек ретінде Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасы да беріп жатқан көрінеді. Апта басынан медицина қызметкерлеріне қажетті көп қолдануға жарамды 600, бір рет қолдануға жарамды 1000 дана арнайы костюм жеткізілген. Олардың бәрі көпбейінді аурухананың қоймасында сақтаулы.

Ертеректе COVID-19 коронавирустық инфекциясын анықтайтын сынамалар Қарағанды қаласына жөнелтіліп, зерттелетін болса, қазір жағдай оңалды. «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС қаржылай қолдауымен медициналық орталықтың базасында ашылған полимеразды тізбекті реакция зертханасының науқастардың өмірін сақтап қалуға қосып жатқан үлесі зор. Небәрі төрт сағаттың ішінде дәрігер көмегіне жүгінген тұрғынның қауіпті дертке шалдыққан не шалдықпағаны анықталып, дәрігерлер тарапынан дереу ем-дом жасалады. Бұл зертхананың қуаты күніне 270-280 сынаманы талдауға қауқарлы.

Бүгінде денсаулық сақтау жүйесіне түскен жауапкершіліктің жүгі ауыр. Қауырт режимде жұмыс жасап жатқан дәрігерлер мен жедел жәрдем қызметіне оңай соқпай жатқаны да анық. Отандық медицинаның кемшін әрі осал тұстары белгілі болды. «Көш жүре түзеледі» демекші олқылықтардың орнын толтыру бойынша нақты шаралар да қабылданып жатыр. Мысалы, Жезқазғанда консультативтік-диагностикалық орталығында компьютерлік томографияның жаңа аппаратын орнату және қосымша ОЖЖ-аппараттарды, КШС-аппараттарды сатып алу қолға алнатын болды. Оттегі концентраторларын жеткізуге де өтінімдер беріліпті. Мамандар тапшылығын жою бойынша да нақты шаралардың легі қабылданған.

«Қазіргі уақытта медициналық мекемелер мен стационарлар антибактериалды және вирусқа қарсы препараттармен, сондай-ақ басқа да дәрілік препараттармен 95% қамтамасыз етілген» деп мәлімдеме жасаған облыстық денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің мамандары жезқазғандықтарды карантин талаптарын қатаң сақтауға шақырады. Сонда ғана біз өзіміздің ғана емес өзгенің де өмірін аман алып қала аламыз. Әрқайсымызға жауапкершілік те қажет-ақ...

# ӘЛЖУАЗ ТОПТАР ҚОЛДАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ




***Ауыр індеттің салдарынан жарияланған каринтин кім-кімге болсын оңай соқпай тұр. Ал, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар үшін тіпті қиын. Күнделікті ішіп-жеуін әзер тауып, «шықпа, жаным, шықпа» деп отырғандар мемлекет тарапынан қолдау тапқаны қуантады. Пандемия кезіндегі әлеуметтік қолдау шаралары туралы «Дидар» телеарнасының баспасөз клубында өткен брифингіде қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Сәуле ТҰТҚЫШОВА кеңірек баяндап берді.***

– ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 03.07.2020 жылғы №268 бұйрығына байланысты 2020 жылдың II тоқсанында атаулы әлеуметтік көмек алған азаматтардың өтініштері III тоқсанға, яғни үш айға автоматты түрде ұзартылды. Сонымен қатар, мүгедектік уақыты біткен мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қайта куәландыру мерзімдері, жалпы және кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі, жеке оңалту бағдарламасы автоматты түрде үш айға созылды. 16 және 18 жасқа толған мүгедек балаларға қатысты сырттай қайта куәландыру да қарастырылған. Олардың мүгедектігі қолда бар құжаттар негізінде белгіленеді, – деген Сәуле Мағауқызы мұндай қадам азаматтардың коронавирустық инфекцияны жұқтыру қаупін азайту мақсатында, сондай-ақ мемлекеттік инстанцияларда адамдардың жаппай жиналуына жол бермеуге бағытталғанын жеткізді.

Тәртіп бойынша, бірінші кезекте атаулы әлеуметтік көмек отбасының құрамы, тұрғылықты мекенжайы және табыс деңгейі өзгермеген отбасыларға тағайындалады. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау кезінде екінші тоқсанның табыстары негізге алынады. Төтенше жағдай кезеңінде азық-түлік және тұрмыстық жинақтарды сатып алуға берілген 5 567 теңге, коммуналдық қызмет шығындарын өтеуге арналған 15 000 теңге және тұрғындардың табыс көзін жоғалтуына байланысты төленген 42500 теңге атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау кезінде табыс көзі болып есептелмейді.

Жыл басынан Жезқазған қаласы бойынша 1343 мүшесі бар 300 отбасына 74 510,8 мың теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, төленген. Сонымен қатар, атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасының 1-6 жасқа дейінгі балаларына ай сайын кепілдендірілген әлеуметтік пакет және тоқсан сайын қажетті гигиеналық құралдар беріліп отыр. Маусым айының әлеуметтік пакеті және екінші тоқсанның гигиеналық құралдыры осы айдың 15-і мен 20-ның аралығында таратылмақ.

Екінші тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек алмаған отбасылар АӘК алғаш рет тағайындау үшін egov.kz парталы арқылы өтініш берулері қажет. Бұдан әрі жұмыспен қамту орталықтарының қызметкерлері құжаттарды мемлекеттік органдардың ақпараттық базаларында тексереді және нәтижесі туралы хабарлайды. Мүгедектік алғаш рет белгілеген жағдайда egov.kz порталда «Электрондық өтініштер» бөлімінде құжаттардың сканерленген көшірмелерімен қоса өтінім беруі қажет.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫ

# ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР ЖАҢАРЫП ЖАТЫР

***«Біздің үйіміздің сырты азып-тозып тұрған. Екі аптадан бері жұмыскерлер келіп, қабырғадағы жырықтарды бітеп, осы аптаның басында сырлау жұмыстарын бастады. Көріп тұрғандарыңыздай өңі кіріп қалды. Түсі қандай қанық», – деп қуанышын жасыра алмаған Әсем есімді Мир даңғылындағы 30-үйдің тұрғыны жөндеу жұмыстары мемлекеттік «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асып жатқанынан бейхабар. «Жөндеу жұмыстары үшін тұрғындар қаржы төлемей ме сонда?» деп таңырқай қараған көп балалы ананың ризашылығын сөзбен жеткізу мүмкін емес енді.***

Шынында, іргетасы 1960 жылдары қаланған үйдің түсі қашқанын былай қойғанда, қабырғалары арасындағы сылақтары түскенін көзіміз көріп жүрді. Әрине, бұл жағдай пәтерлердегі жылуға да әсер етпей қоймайтыны белгілі. Қазір көпқабатты тұрғын үйдің іргелеріндегі жырықтарды цементпен бітеу қызмет түрін ұсынып жүргендердің ақысы кем дегенде 10 мың теңгеден басталады. Осы тұрғыдан қарағанда мемлекеттік бағдарламаның тұрғындарға тигізген пайдасы мол.

Жалпы Жезқазғанда «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде 58 көп қабатты үйдің қасбеті бірдей түске боялып, бірыңғай сәулеттік келбетке ие болады. Сонымен қатар, тозығы жеткен үй шатырларына да көңіл бөлініп жатқанын айта кету керек. Екі қабатты 49 үйдің қасбеті жаңаланып, төбесі жөнделеді. Мемлекеттік бағдарламаның шарапаты Сәтбаев, Қаражар (бұрынғы Балхаш), Холмецский көшелері мен Мир даңғылындағы тұрғын үйлерге тимек. Бұл мақсатқа 320 млн теңге қарастырылған.



Жыл соңына дейін аяқталатын жөндеу жұмыстарына жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген 40 тұрғынды жұмылдыру көзделіп отыр.

Естеріңізге сала кетсек, «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында қабылданған.

# ЖҰМЫСШЫЛАР ҚАЖЕТ

***Жезқазған қаласының жұмыспен қамту орталығының директоры Абай Әзімбаев жергілікті БАҚ өкілдеріне өткізген брифингіге «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасының іске асу барысы арқау болды.***

Биыл аталған мемлекеттік бағдарлама шеңберінде мысты өлкеде 38 жоба қолға алынды. Оның ішінде мектеп құрылысы, мәдениет және білім ошақтарының жөндеуі, абаттандыру мен инфрақұрлымды дамыту бағытындағы ауқымды жобалар бар. «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасының ерекшелігі – елді-мекендердегі жұмыссыздық дейгейін азайтып, жұмыссыздарды жұмыспен қамту. Жезқазғанның өзінде бұл бағдарлама 1042 жұмыс орнын ашты. Оның 550-і жұмыссыздарға арналды. Бүгінде жұмыспен қамту орталығының жолдамасы бойынша жол жөндеуге, Жошы хан тарихи-мәдени кешені мен Теректідегі мектеп құрылысын жүргізуге, саябақтардағы су бұрқақтарды, ауылдағы клубты, жолдарды жөндеуге, жарық бағандарын орнату мен орта мектептердің қоршауын, кәріз жүйесін жаңартуға жұмыссыздар санатынан барлығы 251 жезқазғандық тартылған. Оның 74-і – жастар, 11-і – мүмкіндігі шектеулі азаматтар және жетеуі – аз қамтамасыз етілген отбасы мүшелері. Жұмыскерлердің айлығы ең төменгі жалақының екі мөлшерінен кем емес деңгейде белгіленеді, яғни 85000 теңге.

Қазіргі уақытта жұмыспен қамту орталығы жұмыссыздардың кәсіби біліктілігіне қарай тізімін жасақтап жатыр. Өйткені, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасының өзге де жобаларын іске асыруға құрылыстан, техника меңгеруден, электр желісінен хабары бар жұмыскерлер қажет. Бүгінгі таңда жұмысқа дәнекерлеуші, «В, С» санаттағы жүргізушілер, сантехник, электрик, кафель салушы, сылақшы, бетон құюшы, тас қалаушы, монтаждаушылар қажет. Осы ретте жұмыспен қамту орталығы екі қолға бір күрек таппай жүрген қала тұрғындарын жұмысқа шақырады. Ол үшін жеке бас куәлігімен жұмыспен қамту орталығына бару жеткілікті.

ТАРТУ

# ФИЛАРМОНИЯҒА КӨЛІК СЫЙЛАДЫ

***Аймағымыздың 46 жылдық тарихы бар бетке ұстар өнер ордасы Т. Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының ұжымын көптен көлік мәселесі толғандырып жүрген еді. Бүгін «Tranco Express» компаниясының қолдауымен мәдениет ошағы су жаңа автокөлікке ие болды.***
***Компания сыйға тартқан құны 11 млн теңгені құрайтын «GAZelle Next» маркалы көлік 17 адамға шақталған.***

– «Tranco Express» компаниясы – 2019 жылы мамырда құрылған жас компаниялардың бірі. Бүгінгі жайт біз үшін де ерекше есте қаларлық оқиға болмақ. Себебі, бұл – «Tranco Express» компаниясының алғашқы демеушілік етіп отырған игілікті ісі. Осындай шаралар алдағы уақытта да жалғасын таба береді деген сенімдеміз. Мысты шаһар төсіндегі өнер ұжымындағы тасымал көлігінің өте ескі екенін баяндаған филармония басшылығы «Қазақмыс» корпорациясының директорлар кеңесінің төрағасы Эдуард Огайдың атына хат жазған болатын. Соған сай, біз корпорациямен әріптес компания ретінде қырыққа жуық қызметкер жұмыс істейтін өнер ұжымына көмек көрсетіп, көлік кілтін табыстағанды жөн санадық, – деген «Tranco Express» компаниясы бас директорының орынбасары Медет Бекетаев барша филармония әртістеріне шығармашылық табыс тіледі.

Карантин тәртіптері сақтала отырып Халықтар достығы мен мәдениеті үйі ауласында өткен шарада жаңа көлікті ұжым мүшелері зор қуанышпен



шашу шашып күтіп алды. Филармония басшысы міндетін атқарушы Нұрлан Хамзин «Tranco Express» компаниясының бас директоры Әділ Медеуовке ризашылығын білдіріп, Алғыс хат табыстады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ЖАРНА АУДАРУДАН БОСАТЫЛДЫ

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

***Шағын және орта бизнестің 800 мыңнан астам қызметкері 1 қазанға дейін медициналық сақтандыру жарналары мен аударымдарынан босатылған. Енді аталған санаттағы қызметкерлері МӘМС пакетінен медициналық көмек алу үшін олардың жұмыс берушілері ай сайын 1 қазанға дейін Қорға жалдамалы қызметкерлері туралы ақпаратты ұсынуы тиіс.***

Белгілі болғандай, 1 шілдеде МӘМС жүйесінде қазақстандықтар үшін жеңілдік кезеңі аяқталды. Осы уақытқа дейін барлығы шартты түрде сақтандырылған деп саналды және тиісінше МӘМС пакеті шеңберінде медициналық көмек алуға құқылы болды.

Үкіметтің № 224 «Салық салу мәселелері бойынша экономиканы тұрақтандыру жөніндегі бұдан былайғы шаралар туралы» Қаулысына сәйкес соңғы үш айда шағын және орта бизнестің 29 санаты ғана жарна төлеуден босатылды, бұл – шағын және орта кәсіпорындардың 800 мыңнан астам қызметкері.

Кәсіпкерлік үшін жеңілдік кезеңін ұзарту жеке кәсіпорындарды қолдау шарасы болып табылады. Яғни, бұл кәсіпорындар қызметкерлерінің еңбекақысынан салық пен аударымдарды ұстамайды және олар медициналық сақтандыру пакетіне толық қолжеткізе алады. Бұдан басқа, МӘМС үшін жарналар осы жылдың наурыз айында эпидемияға қарсы іс-шараларға қатысқан медицина қызметкерлеріне төленетін үстемеақылармен ұсталынбайды.

ӘМСҚ-на ақпарат беру механизмі: жұмыс берушілер өз қызметкерлерінің тізімін ай сайын 25-нен кешіктірмей электронды форматта ұсынуы тиіс. Бұл үшін, олар Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында ***https://msb.fms.kz/login*** сілтеме бойынша өтуі тиіс және тізімдегі БСН бойынша өз ұйымын табады (осы тізімде БСН болмаған жағдайда ұйымды тіркеу мүмкін емес). Бұдан кейін электрондық цифрлық қолтаңба арқылы заңды тұлға немесе ЖК тіркеледі, Қордың ақпараттық жүйесіне кіру арқылы пайдаланушылық келісімге қол қояды. Одан әрі МӘМС төлеуден босатылған қызметкерлердің ЖСН-і қосылады. Оны «Excel» құжатындағы бір файлмен немесе әр қызметкерге жеке толтыруға болады. Кейіннен деректерді қайта енгізудің қажеті жоқ, тек осы деректерді жаңартып отыру жеткілікті. Өз кезегінде, бұл ақпарат ай сайын мемлекеттік кіріс комитетіне берілетін болады.

Егер ШОБ кәсіпорындарының бірінің қызметкері емханаға келіп, қандай да бір себеппен сақтандыру бойынша медициналық көмекке үміткер бола алмайтынын байқаса, онда ол деректерді «**Qoldau 24/7**» мобильдік қосымшасы арқылы өз бетінше жібере алады. Қосымшаны жүктеп алған қызметкер электрондық мекенжайын, тегін, жеке сәйкестендіру нөмірі мен телефонын көрсету арқылы жүйеде тіркеледі және төмендегі форматтағы өтінішті қалдырады:«Мен, ШОБ қызметкері, оның иесі салықтардан және әлеуметтік аударымдардан босатылған, бірақ сонымен бірге мен туралы ақпаратты медициналық сақтандыру қорына бермеген». Бұдан әрі ұйымның БСН, жұмыс берушінің ЖСН және өз ЖСН көрсетеді де, осы жұмыс берушімен еңбек қатынастарын растайтын құжатты тіркеуі қажет (тағайындау туралы бұйрық немесе еңбек келісім-шарты).

Операторлар жарты сағат ішінде осы ұйымның ШОБ босатылған субъектілер тізімінен сәйкестігін салыстырып, жағдайды анықтайды және осы қызметкерге бір айға мәртебе береді. Бұл жағдайда ол жұмыс берушімен Қордың ақпараттық жүйесі арқылы ол туралы ақпаратты енгізу туралы өтінішпен жүгінуі керек, өйткені қызметкер осы ақпаратты алғаннан кейін ғана сақтандырылған болып саналады.

ШОБ 29 санатының толық тізімімен Үкіметтің № 224 «Салық салу мәселелері бойынша экономиканы тұрақтандыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы» қаулысында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, МӘМС жүйесі Қазақстанда 1 қаңтардан бастап жұмыс істеп келген болатын. 1 сәуірде жарна төлеу бойынша жеңілдік кезеңін ұзартылды.

**Жанар РАКИШЕВА,**
**Медициналық сақтандыру қорының Қарағанды филиалының бас эксперті**

## «Qoldau-24/7» – *МӘМС жүйесіндегі көмекшіңіз*

***Медициналық сақтандыру және пациенттердің құқықтары туралы өтініштер тәулік бойы қабылданады. Азаматтардың барлық өтініштері өңделіп, тіркеу нөмірін көрсетумен өтініштер тізіміне енгізіледі.***

Одан әрі, қажет болған жағдайда өтініштер белгіленген уақытында шешім қабылдау үшін сараптамаға жіберіледі. Содан кейін өтініш берушінің қосымшасындағы аккаунтына жауап беріледі. «Qoldau-24/7» әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мобильді қосымшасын Android смартфондарына арналған PlayMarket және Apple смартфондарына арналған AppStore арқылы жүктеуге болады.



ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ

# САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ҰМЫТПАЙЫҚ

«Жиған-тергенің тойда шашылсын» деген ән-биге, думан-сауыққа жаны құмар елміз ғой. Бәлкім бұл туа сала кең даланың киігіне айналып емін-еркін жортып жүретін, ешкім келіп бетімізден қақпаған тым еркіндігімізден болар. Тек осынау қанға біткен еркіндікті есерлік пен еркелікке ұластырып алмағанымыз игі. Сал-серілік дәуреннің келмеске кетіп, ғылым-білімнің басты орынға жайғасқаны қашан?!

Білімдінің озарын, білімсіздің тозарын әлемде болып жатқан соңғы ахуал тағы да дәлелдеді. Өткен жылдың қысынан бері алты құрлықты әлекке салған COVID-19 дерті денсаулықтың қадірін ұғындырды. Настықтан бойымызды аулақ ұстап үнемі тазалық тәртіптерін қатаң ұстануға тәрбиеледі. Көзге көрінгенді күйсей бермей, тағамның адалын, құнарлысы мен нәрлісін пайдалануға үйретті. Бастысы – кеше ғана көз алдында жүрген, әншейінде қадіріне жете бермейтін ата-ана мен бауырдың, жан жарың мен балаларыңның денсаулығы, солардың амандығы екендігін ұғындырды. Қасықтап жинаған абыройың да, ақ тер, көк тер болып тергіштеген дүние-мүлкің де ажалды дерттің алдында қарсы тұруға қауқарсыз екен. Коронавирустың әзірге емі табылған жоқ. Обадай тоқтамай, алдындағысын жайпап барады. Күн сайын бір танысымыздың мәңгілік сапарға аттанғанын естиміз. Алғашында үрке қарап, күмәнданатындай едік. Қазір өлім үйреншікті жайтқа айналғандай.

Еліміздегі наурыз-мамыр айларындағы қатаң карантин шараларында азық-түлік дүкендері мен дәріханалар жұмысынан бөлек қызмет көрсету мекемелері, жеке кәсіпкерлік нысандары өз жұмыстарын тоқтатты. Қала, ауыл аралары жабылып, блок-бекеттермен күні-түні күзетілді. Қоғамдық іс-шараларға тыйым салынып, көп адамдар жұмысын қашықтан істеді, тіпті тоқтатуға мәжбүр болды. Ойыңа келген уақытта жатып-тұрып, кез келген мезетте қалағанын жасап үйреніп қалған тұрғындар үшін үйреншікті тіршілік ағынынан бас тартып, белгілі бір шектеу ережелермен өмір сүру оңайға соқпағаны анық. Десек те, «Үш күннен соң тозаққа да үйренесіңнің» керімен бұған да көндіктік. Есесіне, ауру қаупі сейілгендей болған. Карантин талаптары жеңілдетіліп еді тұрғындар ойланбастан әрекет етті. Сақтық шараларын ұмытты. Даңғаза той-думанды сағына күткен қайран қазақ тойханаларға, рұқсат етілмесе де, өз ауласын әсемдеп той алаңына айналдырды. Тіпті, болмағанда пәленбай теңгеге коттедж үй жалдап, қызын ұзатып, ұлын үйлендірді. Адам қарасы қалың жерде қайдағы сақтық шарасы болсын? Екі ай бойы қылдың үстінде тұрғандай қорып ұстаған сақтық шаралары құмға сіңген судай болды. Маскалық режим ұмыт болып, соның салдарынан адамдар бірінен соң бірі аты жаман дерттің аранына жұтылып кете барды. Осы тұста біздің аймағымызда коронавирусқа шалдыққандар саны күрт өсті. Оған пневмония қосылды. Дәріханалардан қажет дәрісін таппай, қайда барарын білмей сандалған тұрғындар әлекке түсті. Бұның соңы тағы да қатаңдатылған карантин қажетін аңғартты.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевқа жаңадан тағайындалған денсаулық сақтау министрі Алексей Цой бірнеше жобалар легін ұсынды. Таяу күндері дәрі тапшылығы да жойылады деп сендіруде. Қай істе болсын асығыстыққа салынбай, ақылмен шешім қабылдаған жан ғана жетістікке жетері анық.

Құрметті жезқазғандықтар, денсаулық алдымен өзімізге керек. Алаңсыздық салдарынан жақынымыз бен өзге де жандарға зиянымыз тиюде. Бірдің кесірі көпке зиян болғанын қаламайтын шығарсыз. Осы тұста ақылмен ойланайық.

Сабыр қылайық. Ауруды жеңіп, баяғы алаңсыз күнімізге оралар күнде туар. Сонда ағайынның басын қосып, той да, ойын да өткіземіз. Ал, әзірше жақындарымыздың амандығы үшін ақылға салып әрекет еткеніміз абзал.

**Қадір ҮҢГІТБАЕВ,**
**Еңбек ардагері**

# ІНДЕТПЕН ОЙНАУҒА БОЛМАЙДЫ

Бес күн жалғанда еш жерің ауырмай, ауру тырнағына ілікпей, ешкімге күніңді қаратып, өзгенің көмегіне жүгінбей өмір сүргеннен артық бақыт бар ма?! Бұрынғылар «Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаса керек. Тек көп жағдайда осынау басты байлығымыздың қадіріне жете бермейтініміз тым өкінішті. Аштық пен қырғын соғыстан бейхабар, Тәуелсіздік жылдары туып, бейбіт аспан астында не ішемін, не жеймін деп уайымдамай емін-еркін өскен бүгінгі менің замандастарым, іні-қарындастарым үшін, әрине, үйге қамалып, үреймен күн кешу – тым тосын да қиын жайт. Бірақ, «Мың асқанға – бір тосқан» барын ұмытпаған жөн-ақ. Қай оқиғаның болсын тиімді жағын қарастырып көру керек. Сауыққа толы сайраншыл заманның дәуірі әлдеқашан өтті.

Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында «Қазір «Тойың тойға ұлассын» деп әндетіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың әңгімесін айтып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арылу керек. Тіпті осындай қауіпті пандемия кезінде кейбір азаматтарымыз маған хат жазып, той өткізуге мүмкіндік беру керек деп талап қояды. Мемлекеттің өзі өлермендікпен өмір сүретін кезге келдік. Сондықтан еңбек ету – өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуға тиіс. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі!» деуі дәлел болса керек. Қазір жастардың бәрі қызықтан басқаны ойламай алаңсыз күн кешеді деуден аулақпыз. Десе де, салт-дәстүр деп, алдыңғылар жолы деп той-думанға көп көңіл бөліп кеткеніміз де жасырын емес. «Ұят болады» дегенді алға тартып, басы артық жоралғыларды арттырып, мағынасы аз тойларды көбейтіп алдық.

Бүгінде елімізде белең алған індет жағдаяты біраз мәселені көтерді. Осының арқасында еліміздегі медицина, фармацевтика, IT-технология және шикізат өнеркәсібін дамыту керегін ұғындық. Шындыққа тура қарауға үйреткен коронавирус еліміздің аталған салаларда дамуы тым кенжелеп қалғанын бетімізге басты. Енді бұлай қол қусырып отыра берген болмас. Алға ұмтылып, қателігін түзетіп, олқылықтардың орнын толтыру қажет. Бүгінгі және ендігі ұрпақ тойхананы кәсіп қылмай, ен болмағанда шприц өндіретін зауыт салуды ойлауы керек. Біз өзімізге өзіміз көмектеспесек, сырттан ешкім келіп қазаққа жаны ашымайды. Соны ұғыну керек. Болашақ жастардың қолында. Ендеше, етек-жеңімізді жинап, ақылмен іс етер сәт енді келгендей. Осы жолда барша қазақстандық жастарға сәттілік тілеймін!

**Бақытжан КӨПБАЕВ,**
**Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты**

# ҚАБІРСТАНДА ДА ҚАРБАЛАС

***Соңғы күндері қалада өлім-жітімнің көбейгенін қабір қазатындар да растап отыр. Бұрын күніне көп дегені екі тапсырыс алатын Наурызбай Рахметұлы бастаған топ соңғы үш күннің өзінде 11 қабір қазып үлгерген. Сәрсенбі күні түске таман хабарласқанымызда «Әлі үш тапсырысым бар» деп жанталасқан қабірші телефонмен сөйлесуге мұршасы болмай жатқанын жасырмады.***

– Жезқазған қаласында мұсылмандарды жерлеу рәсімін өткізуді мойнына алған жекелеген фирмалар жоқ. Мен өз-өзімді жұмыспен қамтып, қабір қазып жүргеніме 15 жылдың жүзі болды. Жанымда 5-6 жігіт бар. Қазіргі жағдай қиын болып тұр. Тапсырыс көп. Күшіміз жетпей жатыр. Демалуды тіпті ұмыттық. Бір-екі сағат сол тамның басында көз ілеміз. Бүгін таңғы бесте үйге барып, жетіде осында қайта келдім. Көршілес жатқан Сәтбаевта да жағдай осы. Туған-туыс, таныс-тамыр бар дегендей, кешенің өзінде сол жаққа барып, үш қабірді қазуға қолғабыс еттім, – деген Наурызбай аға қазір қабір қазатын топтардың көбейгенін айтады. Бұған дейін Жезқазғанда өзі бастаған бір топ қана болса, қазір олардың саны үшеуге жеткен.

Қазақы салтты ұстанып, діни талаптарды қатаң сақтап, марқұмдардың мәңгілік мекенін әзірлейтін қабіршілер қазір жерлеу рәсімін жүргізуге де ұсыныс барын айтады. Арнайы киім мен жауапты мекемелердің рұқсаты болмағандықтан, олар бұл іске араласпай отырған көрінеді. Айтуынша, қабіршілер сұраныстың көптігіне қарамастан, еңбегіне алатын ақы көлемін де өсірмепті, 80 мың теңге көлемінде көрінеді. Газеттен хабарласқанымызды білген Наурызбай қабірші сәтті орайлы пайдаланып, жергілікті билік тарапынан қабірстанның тазалығына көңіл бөлініп, арнайы шырақшы тағайындау мәселесі қарастырылса деп өтініш білдірді.

**Өз тілшіміз**




***Биылғы жылдың тамызында артына ұлағатты өрнек қалдырған, өз заманының ғана емес, келер ғасыр перзенттерінің бойына қалыптасар адами қасиеттердің өлшемдерін саралап кеткен ұлы ойшыл – Абай атамыздың 175 жылдығы кең көлемде тойланбақшы. Таяуда ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ «Абай жане XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Абайды білу – өзіңді тану. Бүгінде Абайдың сөзі жас ұрпақтың бағдары болуға тиіс», – деді. Жас ұрпақтың Абайды тануы – болашақтағы ұстар жолын, елін, жерін олардың тарихы мен мәдениетін білуіне жолашары ақиқат.***

# АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ және НАРМАНБЕТ

Осы танымдарды тілге тиек еткен Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Абайдың жастарға қарата айтқан "Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, қалан" деген арнауын астарлы түрде жеткізген сөзін өсиет деп түсінемін. Осындай биік ойдан туындаған өнегелі сөздер өріс ала берсе екен деп тілеймін. Абайдың даналығын осыдан 25 жыл бұрын өткен ЮНЕСКО шеңберіндегі 150 жылдығы бүкіл әлем жұртының мойындауына жол ашты. Ал, биылғы 175 жылдықтың мәні мен мағынасы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жауапты да салмақты, салиқалы болмақшы. Яғни, абайтанудың ауқымы кеңейген үстіне кеңейе бермек.

Абайдың осыншалық дараланып, дана аталуына әрине, оның алдындағы өткен Әл-Фараби, XII ғасырда өмір сүрген Ж. Баласағұннан бастап, орта ғасыр ақындары саналатын Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезінде Абылай ханның бас идеологы, ұраншысы болған Бұқар жырау, одан кейінгі Дулат, Шортанбай, яғни, өзіне дейін сабақтастықпен жеткен жоғарыдағы ақындарымыздың мұраларынан және елдік пен ездік таразыға түскенде һақтың сөзін сөйлеген Әнет баба, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің даналық ұлағаттарынан сусындағаны оның ақындық, адами арнасының бастау бұлағы болғаны анық. Ойлап отырсақ, қай кезеңде болса да ақын өзі өмір сүрген ортадан, қоғам тудырған өзгешеліктерден сыртқары қала алмайды екен. Заманының тынысы мен аяқ алысын өзі қатар ғұмыр кешкен басы жұмыр пенденің тіршілігі, қам-қарекетінен танып түсініп, оның болашағының қандай болатынына барлау жасайтын, жақсысына сүйсініп, жаманына күйзелетін ең сезімтал жандар – ақындар. Ақын сондықтан да «өз заманының барометрі» деп аталады.

Абайдың дана болып қалыптасуы өзі айтқандай, "өлмейтұғын артына сөз қалдырып", ұрпақтарымен жалғасып, сырласып келе жатқаны жоғарыда аттары аталған ұлылар ұлағатын бойына дарытуы болса, екінші жағынан Шығыс пен Батыстың ойшыл даналары мен ақындарының туындыларын төл еміп, өзінің бағыт-бағдарын, поэзия әлеміндегі жаңалығын сөз таныған қазақ жастарына дарыта білгендігінде, ақындық мектебінің қабырғасын көзі тірісінде қалап, бекітіп кетуінде жатыр.

Ұлы ақынды әлемге танытқан, сол арқылы өзі әлемдік құбылысқа айналған заманымыздың ұлы суреткері Мұхтар Омарханұлының 1922 жылы Ташкентте шығып тұратын "Шолпан" журналының 1-ші санында "…Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Ыбырай Алтынсарин, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Нарманбеттерді алу керек. Бұл адамдардың кейбірінің Абайдан жас болғандығын есеп қылуға болмайды. Бәрінің жазған сөздеріндегі бетті, белгілі сарынды есепке алу керек. Ол дәуірдің ақындары жазба әдебиеттің басшысы екені даусыз" – деген пікірі бар.

Бірақ, осыдан 73 жыл бұрын айтылған ұлы суреткердің пікірін бүгінгі оқырман мен абайтанушы ғалымдардың сол тұрғыда қабылдап, бас изеуі де екіталай нәрсе.

Өйткені, біз, Нарманбетті Абайдың шәкірті, ізбасары, інісі деп танимыз. Ал, ұлы суреткер Нарманбетті Абайдан ілгерірек жіберіп, жазба әдебиетті бастаушылардың бірі санайды. Осы бір жайт жөнінде ұлы Мұқаң жаңылыс кетіп, жаңсақ айтқан шығар деп ой түюдің өзі артық. Ұлы суреткер солай дегенмен, Абай – ұлы мұхит. Оның шығармашылық жолы бір әлем екенін көптеген мемлекет мойындай бастады. Әлемді танып түсіну, оның қыры мен сырын толық меңгеру ғасырларға созылатын құбылыстық сипаты бар жұмбақ дүние.

Енді ұлы ақынның ақындық жолын тұтынып, шәкірті болған оның "сырты күміс, іші алтын" туындыларының табиғатын жете танып, одан нәр алғандар қатарында Шәкәрім, Көкбай, Әсет, өз балалары Ақылбай, Мағауия т. б. бар. Солардың қатарында – Нарманбет Орманбетұлының поэзиясындағы Абай үлгісіндегі өрнектерді сөз етуге ойысайын. Осыған орай сәл шегініс жасаймын.

1972 жылдың маусым айында Нарманбет атындағы кеңшардың байырғы тұрғыны, сол кездерде екі көзінен бірдей зағип болып қалған, осы ортаның шежірешісі Аймағанбетұлы Мұхаметжан ақсақалға жолығып, Абай мен Нарманбеттің ақындық ерекшеліктерін, өлең түрін жасаудағы жаңашылдығын сұрағаным бар. Сонда қария:

– А, а, Нарекең мен Абайдың ақындық ұқсастығын, жаңашылдығын сұрадың ба? Абай Нарекеңнің:

*«Жанашыры, жоқшысы,*
*Тұсау кесер жақсысы.*
*Өлең буып қысқанда,*
*Арқаланар бақсысы»* – емес пе?.. Балам, оны қалай аңдамағансың. Өлеңдеріндегі айтылатын ой, сендерше айтқанда мазмұн ғана емес, ұйқас аңдаудағы ұқсастықтарының өзі ұшан-теңіз, бірін-бірі толықтырып отырады ғой. Сөздерінің мәні мен сәні, нәрі мен бары ұқсас,үйлес қой.

*«Жүрегімнің түбіне терең бойла,*
*Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.*
*Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,*
*Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма»*, – дегенді жалғыз Абай ғана айтып кеткен жоқ қой, мұны Шәкәрім мен Нарманбет те, одан кейінгілер де айтқан. Олар сөз ұқпайтын кещелерге көкірек зарын запыран ретінде сыртқа шығарған. Мынаны тыңдашы:

*«Көзбенен шолып,*
*Көңілге тоқып,*
*Түсіне алмай өздерін.*
*Ит ырылдақ,*
*Оңшең тыртақ,*
*Өткізе алмай бөздерін.*



*Езіп тамсап,*
*Күйсеп жантақ*
*Сатып ала көздерін.*
*Былшылдап қырт,*
*Айналып сырт,*
*Өтіп кетті-ау кездерің.*
*Ел болатын түрің жоқ*
*Ішің толған нәжіс боқ.*
*Айтса көнбей,*
*Шатысып сөнбей,*
*Бықсып жанған шалаша.*
*Есің ауып,*
*Жүрсің шауып,*
*Қозы қуған балаша.*
*Ыржиып күліп,*
*Ішінді бүгіп,*
*Көрсетпек барын жаңаша.*
*Барыңды мақтап,*
*Жоғыңды даттап,*
*Сыртынан ұлып қараса.*
*Тозды ғой түсің,*
*Түсті ғой тісің,*
*Аузыңды ашып қараса.*
*Оныңды өзің білмейсің,*
*Шатысып бықсып,*
*Әркімдерді күндейсің»*, – деп тоқтап қалды. Біраз ойланып барып: "Заманаға кімнің көңілі толған?! Жері шалғай болғанмен Тобықтының екі алыбы ағалы-інілі болып өтті ғой.

Замандары бір, өз ортасынан көрген тепіріштері сол – ел бол дегенін ағайындары мен тумаларына тыңдата алмады. Олар осыған күйінді. "Айлас қатын мұңдас" деген ғой, соған зар төкті. Ақындық Алланың пендесіне бұйыртқан үлкен сыйы. Сол сыйды екеуі де көр-жерге жаратпай, құнын түсірмей елдің елдігін көтеруге арнады. Ал екеуінің өлеңдеріндегі өзің сұраған ұқсастықтарын өздерінен ізде. Абайдан екі өлең оқысаң, Нарманбеттен бір өлең оқы", – деген еді.

Иә, ақсақал айтқандай Абайдың 1961 жылғы шыққан толық жинағын оқи отырып, ең алғаш "Ақындар мен сөз жарыстыру" деп аталатын бөліміне кезіктім. Онда Нарманбеттің:

*«…Нәпсі – жел, көңіл – өзен толқын ұрған,*
*Ми – патша, ақыл – дария кеңес құрған.*
*Таупықсыз ақыл мақұл болмайды екен,*
*Білмесең құр суретің бекер тұрған»,* – деп басталатын бір шумақ өлеңіне Абай былайша түзету енгізіпті:

*«Сөз – самал, өлең – дария толқын ұрған,*
*Ми – патша, ақыл – уәзір, кеңес құрған.*
*Ғылымсыз ақыл мақұл болмайды екен,*
*Болмаса құр суретің бекер тұрған».*

Сондай-ақ, Абайдың:

*«Кемді күн, қызық дәурен, бозбалалық,*
*Қартаймастай көрмедік,ойланалық.*
*Жастықта бір күлгенің – бір қаралық*
*Күлкі баққан бір көрер бейшаралық»,* – деген өлеңін Нарманбет өзінше жырлап:

*«Кемді күн, қызық дәурен, бозбалалық,*
*Бозбалаға талап көп қозғаларлық.*
*Басында тағылым алсаң жақсыдан ал,*
*Әр сөзден тиер пайда бір қаралық»*, – деп өмірге деген түсінігін өзінше білдіреді.

Сонымен бірге Абайдың өз аулындағы Қабидолла деген жігіттің ұсақ саудамен байып, кісімсінгенін жақтырмай оған айтқан:

*Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын,*
*Қайдан білсін өмірдің көбін-азын.*
*Бәйтеректі күндейді жетемін деп,*
*Жылы күнге мас болып, көрсе жазын.*
*Күз келген соң тамырын үсік шалып,*



*Бәйтерекке жете алмай болар жазым.*
*Мен – дағы көп естідім жастық назын,*
*Қол жетпеске қол созған бар ма лажың?*
*Боламын деп жүргенде болат қайтып,*
*Жалын сөніп, жас жүзін басар әжім*, – деген мысалмен келтірілген өлеңін Нарманбет былайша өзгертіп, өмірге деген танымын:

*Қылтиған жазғытұрым бір жауқазын,*
*Өмірдің қайдан білсін көбін-азын.*
*Жетем деп бәйтерекке бас тартады,*
*Аз күнге арқаланып күннің жазын.*
*Арманда сол жауқазын аз тұрғанға,*
*Құмға неге шықтым деп саз тұрғанда.*
*Алды-артын адамзат та бір ойламас,*
*Алданып аз ғана күн қаз тұрғанға*, – деп білдіреді.

Осы келтірілген үш мысал сөз жоқ, Нарманбеттің оған қатты еліктегенін, оның жолын қуып, ізбасары болып өтуіне талаптанғанын танытады. Нарманбет Абайдың үлкен сыншыл-реалистік мектебінен тәрбие ала отырып, оның үлгісімен "Жаратқан бір ие бар", "Шал қайғысы", "Ауыл қайғысы", "Толғауы тоқсан қызыл тіл" деген өлеңдерімен бірге "Кер заман" атты поэмасын жазды. Абай өлендерінде қолданылатын сөздер, соған жақын сөз тіркестері Нарманбет өлеңдерінде де көптеп кездеседі. Рухтарының үндесіп, шығармаларының тақырыптас жақын келулері Абай мен Нарманбет басындағы жеке жайлардың ұқсас болғанын, олардың замана тауқыметінің тәлкегін бірдей арқалап өткенін танытады.

*"Өзімді алма, сөзімді ал" деген Абай,*
*Алмаса да сөз жазды-ау, талай-талай.*
*Ағаты болса ғапуын өтінемін,*
*"Сен соның інісі едің, деме, пәле-ай",* – деп Нарманбеттің өзі Абайдан үлгі алғандығын, оның шәкірті болғанын ашық айтады. Тіпті, осы мектептен тағылым алғандардың көбісі ортақ тақырыпты өздерінше жырлап, сырттай сөз сайысына түсіп отырғанына да куәгер бола алады екенбіз.

…Нарманбет Абай өлеңдеріндегі өрнек түрлерінен үлгі алғанымен оның көлеңкесіне айналмайды. Одан үйрене отырып, өзінше ізденіс жасайды, өлеңнін жаңа түр-өрнектерін табады. Мысалға ақынның мына өленің алайық:

*…Бір төмендеп,*
*Екінші өрлеп,*
*Орта кезде түйісті.*
*Құшақтасып,*
*Жүрек басып,*
*Қысып-қысып сүйісті.*
*Біраз жатып,*
*Мейір қатып,*
*Шерлесуге құмартты.*
*Майдың айы,*
*Жоқ ыңғайы,*
*Қысқа таң.*
*Екі ғашық,*
*Мауқын басып,*
*Шыға алмай кетті-ау, құмардан…*

Нарманбет өлең шумақтарын айтайын деген ойына бағындыра өзгертіп отырады. Ақын өлендерінің қайсы бірі төрт тармақты болып келсе, кей уақытта өлең шумағы ой ағынына қарай 6, 7, 8, 9, 10, 11-тармақты аралас буында өлең болып құрылады. Өлеңнің өлшемі мен ұйқасын түрлендіріп, оған жаңа ырғақ береді. Абайдың "Болыс болдым, мінекейінің" тәсілімен жазылған ақынның "Кер заман" поэмасы мен "Ауыл қайғысы" деген өлендерінен ұстаз ізін анық аңғарамыз.

Сондай-ақ, ақынның "Шал қайғысы", "Толғауы тоқсан қызыл тіл" деген өлендерінің ұйқас ырғағы бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі болып келеді. Мұның кейбір шумақтары мен ырғақтары Абай үлгісіне жақын болғанымен Нарманбеттің өзіндік ерекшелігін танытатын бөлек түр бар. Мысалға "Шал қайғысын" алайық. Бұл өлеңнің басы Абайдың "Бойы бұлғаң" деген өлеңіне ұқсап басталады да, соңғы жағындағы шумақтары 6 тармақ болып қайталанып отырылады. Әр шумақтың соңындағы 3-ші, 6-шы жолдары бір ұйқаста болып келеді.

*Ағайын аңғырт,*
*Аңдып сырт,*
*Кетті-ау көңіл тына алмай.*
*Қайтады-ау мал,*
*Қажыды-ау шал,*
*Бір қалыпта тұра алмай.*

Ал, «Толғауы тоқсан қызыл тілінде» бұған керсінше, өлеңнің алғашқы 16 жолы 7-8 буынды жыр үлгісімен келіп, соңы Абай өдеңдерінің үлгісіне ауысады. Қазақ өлең үлгісінде бұрыннан бар қара өлең түрін қайта қарау арқылы ақын "Шал қайғысында" мынандай шумақ түрлерін тудырады:

*…Құралай алған құс та жоқ,*
*Бәйге атында нұсқа жоқ.*
*Жүр табандап желмек жоқ.*
*Тазы жүр түлкі ала алмай,*
*Тірсегі тік, сербегі жоқ.*

Қара өлең ұйқасында шумақ төрт тармақтан құрылып, 1, 2, 4 жолдар ұйқасып келсе, мына шумақтардың одан өзгешілігі 1, 2, 3, 5-тармақтары ұйқасып қара өлеңдегідей емес, бір тармақ қосылып – 5 тармақтан құрылған. Және басқа тармақтарға ұйқасы жоқ үшінші тармақ ауыстырылып, төртінші жолға түсірілген.

Осы жоғарыда келтірілген мысалдардан біз Нарманбет өлеңнің жаңа түрін іздеп табу жолында көп ізденіс жасап, Абайдың тапқан өлең түрлерін толық меңгеріп, өзі де жаңа өлең формаларын жасай білгенін көреміз. Ол өлеңнің осындай құпия сырларын, жасалу жолын жете игеру арқылы өз шығармаларында 7,8 буынды жыр мен 11 буынды қара өлеңнен басқа жырдың 10-нан аса жаңа түрін қолданған.

Нарманбет сөзге шебер, тілге бай, өз өлеңдерінде нақыл, тапқыр сөз, мақал-мәтелдерді орнына келтіріп, қиюластырып қолданудың үлкен шебері болған.

Ақын мақал-мәтелдері өзінің өлеңдерінде еркін қолданған. Олар ақын лабораториясынан өткенде бұрынғысынан да түрленіп, бейнелене түсіп, аса бай поэзиялық үлгіге айналған, халық арасына кең тараған:

*…Ойнады бала,*
*Ойнақтар тайлақ.*
*Жүре ме, жүрмес.*
*Шошқаны айдап.*
*Құланда жауыр,*
*Құл да бауыр Бола ма?*
*Болмас.*
*Мәнзүр айлап,*
*Қарға орнына,*
*Қаз жүре ме?*
*Көпке бахар,*
*Бере ме?*
*Бере алмас.*
*Көкек сайрап.*
*Гауһар тастар*
*Кір бола ма?*
*Су моншақтар*
*Дұр бола ма?*
*Ғазиз бастар*
*Қор бола ма?*
*Әуелде абзал туса,*
*Тәңірім сайлап…*

Ақың өлендерінің ішінде мақал-мәтелдерді қолданумен қатар, тапқыр шешендік сөздер де көптеп кездеседі. Мұндай өлеңдерінің көпшілігі бейнелі (афоризімді) болып келеді.

*….Қызыл алтай, сар балақ,*
*Сандал тауда түлкі жоқ.*
*Қызыл шырай, кер қабақ,*
*Қыз балада күлкі жоқ.*
*Қызыл борбай қу табақ,*
*Санатсыз байдың мүлкі жоқ.*

Марқұм әдебиет зерттеушісі, қазақ сыншысы, профессор Есмағанбет Ысмайловтың: "Нарманбет тілге бай, сөзге еркін ақындардың бірі. Оның әрбір өзіндік толғауы, сипаттаулары қазақтың маржандай төгіліп отыратын сұлу, өткір сөзіне бөленіп келеді", – деген пікірі осыған айғақ.

Жалпы алғанда, Нарманбет өлеңдерін халыққа түсінікті етіп, тіл тазалығын берік сақтауда үлгі боларлық таза әдеби тілде жазған. Абай поэзиясының құдіретті құпияларын жете түсініп, толық меңгерген, оның дәстүрін дамытып алға апарушы, өзі де өлең өрнегінің соны түрлерін жасаған замана шындығын сыншылдықпен тебіріне жырлаған ұлы ақын.

Қорыта келіп тұсастай алғанда, Абайдың алдындағы ұстаздары мен оның өз ізін қуып ақындық мектебінен тәлім алғандардың артында қалған мұралары жай ғана тарихи-әдеби мұра ғана емес. Ол бүтін бір дәуірдің өсіп-өнген іргелі, көп ғасырлық тарихы бар қазақ деген халықтың шамшырағы, ұрпақтарына қалдырған баға жетпес алтын көмбесі дерлік дүниелер. Ләйім, осы көмбелерге көлеңке түсіріп алмайық.

**Аманкелді ТУҒАНБАЙ,**
**нарманбеттанушы,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**
**«Ortalyq Qazaqstan» газеті**




# МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

***Мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қорғауы мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. 2015 жылдың 20 ақпанында Қазақстан Республикасының «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Заңына қол қойылды.***

Конвенция 2006 жылдың 13 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясында қабылданды. Конвенция принциптері мыналар: адамға тән қадір-қасиетті, оның өз таңдауын жасау еркіндігін қоса алғандағы жеке дербестігін және тәуелсіздігін құрметтеу, қоғамға толық және тиімді тарту және қосу, мүгедектердің ерекшеліктерін құрметтеу және оларды адами алуан түрліліктің компоненті және адамзаттың бір бөлшегі ретінде қабылдау.

Қатысушы мемлекеттер барша мүгедектердің адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын мүгедектік белгісі бойынша ешқандай да кемсітушіліксіз толық іске асыруын қамтамасыз етуге және көтермелеуге міндеттенеді.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды және құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шарттары Қазақстан Республикасының «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылдың 13 сәуірдегі № 39 заңнамасы бойынша анықталған.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау оларға әлуметтік, медициналық және әлеуметтік, кәсіби жарамдылығын арттыру, білім беру сияқты бағыттағы қоғамдық өмірге оралтуға байланысты өткізілетін шаралармен жүзеге асады.

Мүгедектер қандай жеңілдіктер мен жәрдемақылармен пайдалана алады?

**Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасы:**

Мүмкіндігі шектеулі жандарды қоршаған ортаға бейімдеу үшін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар ұсынылады. Осы мақсаттар үшін мүгедекке оңалтудың жеке бағдарламасы жазылады. Оңалтудың жеке бағдарламасы дегеніміз мүгедектердің тіршілік-тынысының шектелуін жеңіп шығуы үшін жағдай туғызуға, олардың әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруге, әлеуметтік-тұрмыстық және ортаға бейімделуіне бағытталған іс-шаралар кешені. Мүгедектерді оңалтудың бағдарламасы медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы негізінде айқындалады және соған сәйкес жүзеге асырылады. Жеке оңалту бағдарламасының барлық іс-шаралары аурудың түріне, медициналық көрсеткіштер бойынша шығарылады.

Медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдама алу үшін, мүгедектің тіркеуде тұрған отбасылық дәрігерлік амбулаториясына (ОДА) хабарласуы қажет.

**Оңалту іс-шаралары келесіні қамтиды:**

– санаторлы-курорттық және протездік-ортопедиялық көмектер;

– көзі көрмейтін және нашар көретіндерге – тифлотехникалық құралдар: тифлотаяқтар, тифломагнитолалар, Брайль жүйесі бойынша жазу құралы, диктофон, плейер, оқу машинасы, компьютерлік тифлокешен, нашар көретін адамдарға арналған сағаттар беріледі. Толық немесе ішінара есту қабілетін жоғалтқан мүгедектерге сурдотехникалық құралдар: ұялы телефон, сигнал жүйелері, сағат, телефакс, компьютер және есту аппараттары беріледі, сонымен қатар есту бойынша мүгедектігі бар балалар кохлеарлық импланттармен қамтамасыз етіледі.

– І топтағы мүгедектер мен мүгедек балаларға кресло-арбалар беріледі. Серуендеу кресло-арбалары 4 жылға, бөлмелі кресло-арбалар 7 жылға беріледі;

– гигиеналық құралдарға мұқтаж мүгедектерге, жөргектер (730 дана бір жылға), несеп қабылдағыштар және нәжіс қабылдағыштар (365 дана бір жылға), сіңіргіш жаймалар (жаялықтар) (жылына 365 дана), катетер, стоманың айналасындағы теріні қорғау және тегістеуге арналған паста-герметик (жылына 12 дана), қорғаныш крем (жылына 12 дана), сіңіргіш ұнтақ (опа) (жылына 12 дана), иісті бейтараптандырғыш (жылына 12 дана), теріні тазартқыш (жылына 12 дана), санитарлық құрылғысы бар кресло-орындық, дәретхана бөлмесіне арналған қайырмалы тіреуіш тұтқалар, жуынатын бөлмеге арналған тұтқалар беріледі.

**Мүгедектерді әлеуметтік оңалтуға кіретіндер:**

– басқа адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету.

– жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге – жеке көмекші.

– есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметі.

Мүгедектерді әлеуметтік оңалту: медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар), әлеуметтік көмекті үйде көрсететін бөлімшелер, арнаулы білім беру ұйымдары (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері), денсаулық сақтау ұйымдары және басқа да мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

Қолында жеке оңалту бағдарламасы болған жағдайда, мүгедектер тұрғылықты мекен-жайы бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне хабарласуы керек.

Мүгедек балаларды жалпы білім беретін мектептерде оқытуға мүмкіндігі болмаған кезде, оқыту үйде жүргізіледі. Оқытуға арналған шығындарды өтеу үшін тоқсан сайын әлеуметтік көмек төленеді.

Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерге, техникалық және көмекші құралдармен қамтамасыз ету бойынша жеке оңалту бағдарламасына сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі. Егер жұмыс беруші қызметін тоқтатқанда, жеке кәсіпкер немесе кәсіпорын таратылған жағдайда, кезінде жазатайым оқиға туралы актінің және кәсіпорынның жою немесе жеке кәсіпкердің қызметін тоқтату туралы құжатты бойынша жоғарыда аталған заттарды мемлекеттік қаражат есебінен ала алады.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедектігі бар адамдардың ыңғайлылығы және көрсетілетін қызметтер мен техникалық оңалту құралдарының сапасын арттыру мақсатында әлеуметтік қызметтер порталын әзірлеп, енгізді.

Әлеуметтік қызметтер порталы мүгедектігі бар адамдарға тікелей жеткізушілерден оңалту құралдары мен қызметтерін өз бетінше сатып алу мүмкіндігін беретін автоматтандырылған жүйе болып табылады.

Мемлекет тарапынан техникалық құралдар мен оңалту қызметтерінің құнын өтеу тетігі көзделеді. Портал тұтынушы неғұрлым қымбат тауарлар мен қызметтерді таңдаған кезде қосымша ақы төлеу мүмкіндігін қарастырады.

Жалпы әлеуметтік қызметтер Порталы 5 үдерісті цифрлауды көздейді:

1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;

2) техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету;

3) ымдау тілі маманының қызметтерін көрсету;

4) жеке көмекшінің қызметін көрсету;

5) санаторий-курорттық емдеу қызметтерін көрсету.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 5 бизнес-үдерістің 2-ін порталға ауыстырылды: бұл арнайы әлеуметтік қызметтер және жеке бейімдеуді талап етпейтін техникалық оңалту құралдарының (ТОҚ) 24 түрімен қамтамасыз ету.

Мүгедектігі бар адамдарды оңалту құралдарымен және қызметтермен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында 2020 жылы оңалту тауарлары мен қызметтері баламалы негізде – Портал арқылы және қолданыстағы тетіктер арқылы көрсетілуде.

Әлеуметтік қызметтер Порталына толық 2021 жылдан бастап өту жоспарлануда.

Әлеуметтік қызметтер порталында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілер үшін салық берешегін, банкроттықты, әділетсіздікті болдырмайтын талаптар қойылатын болады.

Өнім берушілер міндеттемелерін тиісінше орындалмаған, жосықсыз болған жағдайда оларды әлеуметтік қызметтер Порталынан алып тастау бойынша шаралар көзделетін болады.

Бұл адал бәсекелестікті арттырады және әлеуетті өнім берушілердің оңалту құралдары мен қызметтерін жеткізуге қатысуының ашықтығын қамтамасыз етеді.

Қызмет алушылар порталды өз бетінше немесе жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері қызметкерлерінің көмегімен пайдалана алады.

Порталды енгізу ұсынылатын техникалық оңалту құралдары мен қызметтердің сапасын жақсартуға, оларды алудың мерзімдері мен атаулылығын қысқартуға, техникалық оңалту құралдары мен қызметтерге нақты қажеттілікті анықтауға мүмкіндік береді.

2019 жылдың 1 қарашасынан бастап портал пайдаланушылары үшін **1411** нөмірі бойынша call-center жұмыс істейді.

Әлеуметтік қызметтер порталында тіркелу мақсатында барлық мүгедектігі бар адамдар тұрғылықты жері бойынша ХҚКО-ның «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ-на электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) шығару қажет.

**Қалалық көліктерде жол жүру:**

I және II топтағы мүгедектерге, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген тұлғаларға, мөлшері ең төменгі зейнетақы алушы зейнеткерлерге, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр-Ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға, бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары бар, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін оқу орындарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік,жоғарғы оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көп балалы аналарға, бала жасынан мүгедек балаларды тәрбиелейтін аналарға № 1, 3, 5, 6, 8, 11, 96, таксиден басқа қала бойынша маршруттарында тегін жол жүру билеттері беріледі.

Жүріп-тұруы қиын қоларбада отыратын бірінші топтағы мүгедектер үшін қала шегінде «Инватакси» қызметтері ұсынылады.

**Сіздерді қызықтырған сұрақтар бойынша Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен 8 (7102) 765662, 767660 телефондары арқылы кеңес алуға болады.**

**Жезказған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**



ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

# ҚАҺАРМАНДАР

## *Ұлы Отан соғысының ардагері Қалау ӘБІЛДАЕВ*

Халауадин ӘБІЛДАЕВ 1914 жылы Ұлытау селосында туған. Толық аты-жөні солай болғанымен құжат жазатындар дұрыс жазбаған, сонымен Қалау Әбілдаев болып қалған. 1933 жылы фабрика-зауыт оқуларында оқиды, оны 1935 жылы аяқтайды. 1935-1939 жылдары Шу станциясында теміржолшы болып жұмыс істейді. 1941 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылады.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда көппен бірге ел қорғауға аттанады. Әуелі Курск қаласында, Москва, Орехово-Зуево қалаларында, сонан соң майданға аттанады.

№18 арнайы полкте қатардағы жауынгер болып, Москва, Сталинград, Ленинград қалаларын қорғауға қатысады. Сталинград қорғауында болғанда он мың солдаттың ішінде жалғыз қазақстандық болса да, әр түрлі ұлттың өкілдері тату болғаны жайлы Қалау ақсақал естеліктерінде жазады. Сталинград түбінде болған шайқас жауынгер Қалау үшін ең қиын шайқастардың бірі болады. Осы шайқаста жеңіл жарақат алып, дала госпиталінде емделіп шығады. №18 арнайы полк Сталинград зауыттарын жау қолына бермеу үшін, табандылықпен шайқасады. 1942 жылы екі полк қосылып, бекіністі жаудан азат етеді. Осы шайқастағы ерлігі үшін №18 қорғаныс полкі «Кутузов» орденімен марапатталады.

1944 жылдың қыркүйек айында Қалау Әбілдаев майдандастарының алдында қызыл билет алып, Кеңес Одағы Коммунистік партиясы қатарына қабылданады.

Жеңістің ұмытылмас сәттерін Қалау Әбілдаев Бромбург қаласында қарсы алады. 1945 жылдың сәуір айында №18 арнайы полк Берлинге жақын жердегі Щецин химия зауытын басып алады.

Жеңіспен елге оралып, Жамбыл облысы Шу станциясына мамандығы бойынша теміржолшы болып 1960 жылға дейін жұмыс істеді. Осы жылы туған жері Ұлытауға оралады. 1960 жылдан 1983 жылға дейін Ұлытау селосында аэропорт мекемесінде комендант қызметін атқарады.

1938 жылы Алматыда республикалық комсомол конференциясына делегат болып қатысады. Бірнеше медальдардың «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ерлік үшін», «Москваны қорғағаны үшін», «Ленинградты қорғағаны үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін», «Еңбек ардагері» медалін 2 рет алды, сонымен қоса «Ұлы Отан соғысы» орденінің иегері.

Қалау ақсақал ошағының отын түтетіп келген жан жары Рәтаймен шаңырақ көтеріп, 3 ұл тәрбиелеп өсіріп, олардан немере, шөбере сүйіп бақытқа бөленген жан. Үлкен ұлы Жанбай – техника ғылымының кандидаты, Кеңбай-механизатор, Домбай –технолог-инженер.

Құрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін де, Қалау ақсақал совхоздың қоғамдық жұмыстарынан қол үзбеген.

## *Ұлы Отан соғысына қатысушы майдангер Федор Андреевич САЗНОНЕНКО*

Федор Андреевич САЗНОНЕНКО 1907 жылы Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Владимиро-Михайловка селосында дүниеге келген. 1941 жылы Атбасар ауылшаруашылығы техникумын бітіріп, майданға аттанады. Ол 310-шы Қазақстанның атқыштар дивизиясына түскен. Кейіннен ол із-түзсіз жоғалып кетті деген отбасына хабар келген.

Арада біраз жыл өткеннен кейін балалары әкесі туралы деректер іздестіре бастаған. Оның қызы Надежда Федоровна әкесімен майданда бірге болған Максим Титоренко деген кісіні тауып, ол кісі әкесінің ізін Ленинград облысындағы, Тосно қаласының маңынан іздеуі керектігін айтады. Ол жақта Тортолово атты деревня үшін үлкен соғыс болғандығын, оған 310-шы атқыштар дивизиясы қатысқанын айтады. Көптеген қазақ солдаттары осы жерде қайтыс болған. Солардың ішінде Ф. А. Сазоненко да болған.

2001 жылы оның қайтыс болған орны, жерленген жері туралы хабарлама келген. Ленинград облысындағы жалпы әскерлерді жерлеу зиратына 310-шы атқыштар дивизиясының әскерлері жерленген. Солардың арасында Ф. Сазоненко мен ағасы И. Сазоненко болған.

2005 жылы мемлекеттік мұрағатқа Ф. А. Сазоненконың құжаттарын қызы Н.Ф.Сазоненко тапсырған. Құжаттарының ішінде майданнан жазған хаттары, 310-шы атқыштар дивизиясының тарихы жайлы табуға болатын «Казахстан в Великой Отечественной войне», «История Каз.ССР с древнейших времен до наших дней» кітаптарының көшірмелері, Ф. Сазонеко туралы Ленинград әскери комиссариатымен хаталмасулар, «Опаленные войной» атты В.Одинцованың Ф.Сазоненко жайында «Подробности» газетіне шыққан мақаласы, Ф.Андреевичтің соғысқа дейінгі түскен суреттері және оның мазарының суреті берілген.

## *Ұлы Отан соғысының ардагері Асан Малькенұлы БЕКХОЖИН*

Асан Малькенұлы БЕКХОЖИН 1918 жылы дүниеге келген. 1937 жылы Көкшетау педагогикалық техникумын бітіріп, алғашқы еңбек жолын бастайды.

1940 жылы Кеңес әскерінің қатарына шақырылады. Әскери қызметін Тула облысының Сталиногорск (қазіргі Новомосковск) қаласында өтейді. Москва әскери аймағындағы 747-ші мергендер мектебінде 6 ай кіші командирлердің дайындық курсынан өтеді. Асан Бекхожин кіші сержант шенін алып, осы полктық мектепте бөлімше командирі болып қалдырылады.

Могилев қаласының майданында ерлікпен шайқасады. Концлагерде тұтқында болған. Ол жерден босағаннан кейін Кеңес Одағының батыры, майор Иотко ұйымдастырған тұтқыннан босағандарды, күшпен жұмысқа әкелінген адамдарды еліне қайтару ісімен айналысатын штабта писарь болып жұмыс істеген. Писарь темір жол арқылы Отанына қайтатын Кеңес азаматтарының тізімін жасайтын.

Асан Малькенұлы 1945 жылы тамыз айында соңғы эшалонмен Отанға оралады. Кеңес әскері қатарынан 1946 жылы демобилизацияланып, ұстаздық қызметіне кіріседі.

1953 жылы Петропавл мұғалімдер институтын, 1969 жылы Қарағанды педагогикалық институтының сырттай бөлімін оқып бітіреді. 1959 жылдан бастап Көктіңкөлі орта мектебінде мұғалім болады. Асан Бекхожин педагогикалық еңбегінің жартысынан астамында оқу ісінің менгерушісі және мектеп директоры болып қызмет атқарады. 1965 жылы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының мүшелігіне қабылданады.

Ұзақ жылғы еңбегі үшін «Еңбек Ері», «Халық ағарту ісінің үздігі» медальдарымен марапатталған. Бірнеше рет селолық, аудандық Кеңесінің депутаты болып сайланады.

***Мәліметтер Жезқазған қаласы архивінің 322-қор, 2-тізімдеме (жалғасы) 62, 65-сақтау бірліктері, № 2 тізімдеме, 7-сақтау бірлігі құжаттарынан дайындалды***

БЖЗҚ ХАБАРЛАРЫ

# ШОТТАР САНЫ 11,6 МИЛЛИОННАН АСТЫ

## *2020 жылдың 1 маусымындағы негізгі көрсеткіштер*

2020 жылдың бес айының қорытындысы бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы жеке зейнетақы шоттардың саны 1 миллион бірлікке жуық ұлғайды. Ағымдағы жылдың бірінші қаңтарында ЖЗШ саны 10672567 бірлікті құраса, 1 маусымда бұл көрсеткіш 11,6 миллионға (11 682 546) жетті.

Шоттардың ең көп саны міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) бойынша ашылды, олардың саны он бір миллионнан асты, дәлірек айтқанда 11111389. Одан кейінгі орынды иеленген міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптасқан шоттардың саны 515 837-ге жетті. Ерікті зейнетақы жарналарының (ЕЗЖ) да саны арта түсті, БЖЗҚ-дағы мұндай шоттардың саны – 55 320.

Жалпы шоттарда 11,7 триллион теңге зейнетақы жинақтары шоғырланған. Жыл басынан бері сома 866 миллиард теңгеге немесе 8% ұлғайды.

Зейнетақы жинақтарының негізгі сомасы МЗЖ есебінен қалыптасты және 11,4 трлн теңгені құрады. МКЗЖ бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 275,6 млрд теңге болды (жыл басынан бергі өсім 12%), ЕЗЖ бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 2,1 млрд теңгеден асты (өсім 7%).

Салымшылардың шоттарына 2020 жылдың басынан бастап 428,2 млрд теңге көлемінде зейнетақы жарналары аударылған, бұл 2019 жылдың алғашқы 5 айындағы көрсеткіштерден 12% артық. Жарналардың жалпы көлемінің 95% астамы БЖЗҚ-ға МЗЖ түрінде аударылған түсімдердің үлесінде, оның сомасы – 408 млрд теңге, ал МКЗЖ – 20 млрд теңгеден астам, ЕЗЖ – 134 млн теңгені құрайды.

Төлемдер 62,4 млрд теңге болды, оның басым бөлігі жасы бойынша төлемдерге (24,7 млрд теңге), ҚР-дан тыс жерлерге ТТЖ-ға кету бойынша (14,2 млрд теңге), сақтандыру ұйымдарына аударымдар (13,3 млрд теңге), мұрагерлерге (8,6 млрд теңге), жерлеуге (0,9 млрд теңге) тиесілі.

2020 жылдың басынан бастап 1 маусымына дейінгі жағдай бойынша БЖЗҚ салымшыларының шоттарына 499 млрд теңгеден астам таза инвестициялық табыс есептелді, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 272,4 млрд теңгеге артық. Соңғы 12 айда зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция 6,7% болғанда 8,9% құрады, яғни зейнетақы активтері бойынша нақты кірістілік оң көрсеткішке ие.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы**

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

# БОЛАШАҚ ҮШІН МАҢЫЗДЫ

***Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында құбылыс ретінде саналатын жемқорлықты жоюды – басты басымдықтарының бірі екенін айқындады.***

Сонымен қатар, Елбасының ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының бес институционалды реформаларын жүзеге асыру бойынша алдағы уақытта сыбайлас жемқорлықпен күресудің жаңа басымдықтарын белгіледі және 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауының тоғызыншы бағытында жемқорлықпен күресті және заңның үстемдігіне мән берілді.

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат пен қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдін бірі.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу – жалпыға ортақ міндет.

Сыбайлас жемқорлық мемлекетіміздің беделін түсіреді, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді, құқықтық мемлекет құру қағидаларын бұзады, мемлекетіміздің саяси экономикасына, саясатына зиян келтіреді. Жемқорлық – елдің індеті, сол індеттен құтылу – бәріміздің міндетіміз. Келешек ұрпақтың осы жаман жолға түспеуі үшін болып жатқан жемқорлық қылмыстардың алдын алып оны болдырмау бәріміздің міндетіміз.

**Жезқазған қаласының ауданаралық әділет басқармасы**

Имандылық үрімдері

*Ислам дереккөздерінде тазалық ұғымына көбінесе «Туһур» сөзін қолданылады және зекет сөзі де рухани және материалдық тазаруды білдіреді. Құран Кәрімде тазалық үшін ең көп «Тахарат» сөзін қолданған.*



# ИСЛАМДАҒЫ ТАЗАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Тазалық туралы айтылған он тоғыз аяттың үшеуінде нәжістен тазалану, сегізінде күнәдан тазалану, сегіз аятта әдептіліктен арылу және материалдық кірлерден тазалану мағыналарында қолданылған.

Шын мәнінде Рағиб әл-Исфахани тазалықты тән мен жанның тазаруы деп екіге бөледі. Сондай-ақ, бұл екі мағынаны аяттардан шығаруға болатыны туралы баяндаған. Алғашқы түсірілген аяттардың бірінде «Киіміңді таза ұста, күнәлардан ұзақ бол» деп әмір етілуі Құран Кәрімнің тән мен жанның тазалығына алғашқы күннен бастап мән бергенін айта аламыз.

Фахраддин Рази бұл аяттың тәпсірі жайында бұл жердегі көйлектен мақсат рухани тазалық болғанын және жүректің тазалығына аса мән берілгенін айтқан. Құран аяттарында Алла тәубе еткендер мен таза жүрген адамдарды жақсы көреді делінеді.

Мұсылмандар тазалануды жақсы көреді, Алла таза жүргендерді жақсы көреді. Сонымен қатар, Алла Хз. Ибрахим мен Исмайлға өзінің үйі болған Қағбаны таза болуын әмір еткен. Алла жер бетінің тіршілігі үшін және адамдардың нәжістен тазаланулары үшін көктен су (жаңбыр) жіберді және бұл су – таза әрі тәтті.

Сонымен қатар, Әбу Ханифа мәзһабының түсінігінде дәретсіз Қасиетті Құран Кәрімді ұстауға тыйым салған. Құран Кәрімді тек дәретпен, яғни таза адамдар ғана қолымен ұстауына рұқсат етілген. «Кімде-кім, тазаланса өзінің жақсылығы үшін тазаланады».

Ең алдымен тазалық пенделердің өзі үшін болғанын ұғыну басты мәселе. Құран Кәрімнің кейбір аяттарында жақсылық жасау да адамды жамандықтан тазалайтыны туралы айтылған.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) тазалыққа қатысты айтқан хадистерінің басым көпшілігінде саулық пен тазалықты бір сөйлемде қолданған. Әсіресе ауыз және тістің тазалығына, мұрынның қылы, шаш, сақал және мұрттың тазалығына аса мән берген.

Сонымен қатар, «Тазалық – иманның жартысы» және «Намаздың кілті – тазалық» мағынасындағы хадистерден Пайғамбарымыздың тазалық мәдениетіне аса мән бергенін байқаймыз.

Басқа бір хадисте «сүндетке отыру, әурет жерлерді қылдан тазарту, тырнақ алу, қолтықты қылдан тазалау, мұртты қысқарту – пайғамбарлардың дәстүрі» делінген және сахабалардың киген киімдері мен жүріс-тұрысына мән беруін бұйырған. Сонымен қатар, Пайғамбарымыз, әр жұма күні ғұсыл дәрет алатын, таза әрі әдемі көйлек киетін әрі хош иіс сулар қолданатын және бұл әрекетін барлық сахабаларынан талап ететін.

Ислам діні тән тазалығы мен рухани тазалықтың бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста екенін мұсылмандардың санасына сіңіру мақсатында Құран Кәрімде, Пайғамбарымыздың амалдары мен хадистерінде және дін ғұламаларының әдебиеттерінде кең көлемде насихатталған.

Тән тазалығы ғибадаттармен тікелей байланысты болғаны үшін Фуру фиқһ әдебиеттерінің бірінші бөлімінде ғибадаттарда тән тазалығының үкімі, таза саналатын сулар мен заттар, ғибадат үшін тазалықтың мөлшері және тазалықтың тәртібі сынды тақырыптар қамтылған.

Сонымен қатар, сопылық жайында жазылған әдебиеттерде рух пен ахлақтың тазалығына көп көңіл бөлінген. Фиқһ тән тазалығына қатысты шарттарды қалыптастырса, сопылық әдебиеттерде жүрек пен рухтың тазалығына аса мән берілген.

Имам Ғаззалидің Ихия-у Улумиддин еңбегінде, тазалық тәннің және қоршаған ортаның нәжістен, кірден тазалануы, дене мүшелеріміз күнә болып саналатын әрекеттерден арылуы, жүректің жаман әрекеттерден аулақ болуы, рухтың масиуадан таза болуы деп тазалықтың төрт дәрежесі туралы айтқан.

Сондай-ақ, рухтың тазалығы – Пайғамбарларға және сыддықтарға (Алла достарына) тән тазалық. Әр дәрежедегі тазалық, осыған қатысты амалдың жартысы. Жүректің тазалығы соқыр сенімнен тазартып, бір Аллаға тән сенімді, яғни иманды ұялату.

Жүректің тазалығы барлық амалдардың жартысы болғаны үшін иманның жартысы да – тазалық. Жоғарыдағы төрт дәрежелі тазалықтың бірі екіншісін толықтырады.

Осы себептен тән тазалығымен ғана шектелу – қате пікір. Ғаззали «Рубу л-Мухликат» тақырыбында үшінші томын осы тақырыпқа арнаған. Тазалық – әдептілікке, әдептілік – имандылыққа тәрбиелейді. Міне, сондықтан да, таза жүру – әрбір пенденің басты міндеті.

Алла Тағала баршамызға тән мен жанның саулығын бергей!

**Исатай БЕРДАЛИЕВ,**
**Ислам құқық ғылымдарының**

СЕНІМ СЕРГЕЛДЕҢІ

*Жақсылық пен жамандық қатар жүретін сынаққа толы мына жалғанда біздің қабырғамызды қайыстырып, көңілімізді пәс қылатын жағдайлар мен оқиғалар болып жатыр.*



# БҰЛ АҒЫМҒА ЖАСТАР ЖЕЛҰҚПЕЛІКПЕН КІРІП, ЖИІРКЕНІШПЕН ШЫҒЫП ЖАТЫР

Жастарымыз дінге қызығушылық танытып, жоғалтқан жайнамаздарын тауып, түзу жолмен жүріп, қоғамға, отбасы мен тума-туыстарына пайдасын тигізіп жатса, ал кейбір жастар тура жолдан тайып, өзге ұлттың қолшоқпарына айналып, басқа елдің «жалауын көтеріп» ұрандатып, адасып, «дүмше атанып, дін бұзып жүргені» жасырын емес. Өзекті өртеген, қоғамды бүлдірген, жастардың санасын жалмаған ағымдардың саны артты. Сол ағымдардың бірі және бірегейі – сәләфизм.

Сәләфизм немесе уаһһабизм ағымының қалай пайда болғаны туралы қаншама еңбектер жазылып, зерттеліп жатыр. Сол себепті ол мәселеде қалам тарту ойымда жоқ. Бірақ, айта кету керек, аталмыш ағымның доктриналық идеологиясын XIII ғасырда Ибн Тәймия қалады. Ибн Таймияның доктриналық пікірінің Әһлі суннә уәл жәмаға ғалымдарының көзқарасымен келіспейтін тұстары көп болды. Сол себепті, оған өз уақытында әһлі суннә уәл жәмаға ғалымдары ескерту беріп, кейбір көзқарасын теріске шығарды.

**Ибн Тәймияның доктриналық ілімін XVIII ғасырда Сауд Арабиясында өмір сүрген Мұхаммед Абдулуаһһаб насихаттап, ары қарай дамытты. Тарихқа үңілер болсақ, уаһһабшылдық идеология негізінен XX ғасырдың басында I дүниежүзілік соғыстан кейін тарала бастады. Алайда, уаһһабшылдық идеология көп мұсылман елдерінен қолдау таппағандықтан, олар өздерін жағымды көрсету мақсатында, біз «сәләфиміз» (бұрынғылардың жолын ұстанамыз) деген ұранмен бүгінде «сәләфизм» атымен танылып үлгерді.**

Бірақ, қазіргі уақытта да сәләфилік идеология қоғам арасында қолдау тауып отыр деп ойламаймын. Халықты мәңгүрттікке шақырып, жастардың санасын улап, өмірге, қоғамға, отбасы мен тума-туысқа қарсы қоятын идеология қайтіп қолдау тапсын?! Отан мен азаматтың, қоғам мен тұлғаның, ата-ана мен баланың, күйеу мен әйелдің, бауыр мен бауырдың арасын араздастыратын ағым қалайша мұсылманды тура жәннатқа апарады?!

**Сәләфизм – болашағы жоқ діни ағым. Мен бұны осылай деп кесіп айта аламын. Оған тарих та, қазіргі уақыт та дәлел. Ислам діні сенім, ақида саласында екі мектептен (Матуриди мен Әшғарилік), құқық саласында төрт мәзһабтан (Ханафи, Мәлики, Шафиғи, Ханбали) тұрады. Осы бағыт – Алла елшісі (с.ғ.с.) мен сахабаларының жолы және ол өміршең.**

Ол дамиды, өркендеп, халыққа тарайды. Ал уаһһабилік не сәләфизм ағымы – уақытша, болашағы қараң, келешегі бұлыңғыр. Ол ағымға жастар құр қызығушылықпен, желөкпелікпен кіріп, жиіркеніштен шығып жатыр. Ол жүрекке тыныштық, ойға тұрақтылық бермейді. Себебі неде?

**Сәләфизм – Алланы дұрыс танытатын ағым емес. Аллаға мекен беріп, дене мен мүше бекітіп, орынға мұқтаж қылған «ғалымсымақтардың» ойлап тапқан сандырағы. Кешегі сахабалар мен атақты табиғиндер, соның ішінде сахаба Әли (Алла оған разы болсын) мен табиғин Зайнул Абидин Әли ибн Хусайын ибн Әлидің (Алла разы болсын): «Сен – мекенге тәуелді болмаған Алласың» деп дұғасына қосқан сенімнен емес, ақиқаттан алыс. «Мекен берген, халық қылған, Ол – лә мәкән» деп жырға қосқан Абайлардың жолынан жырақта.**

Сәләфизм – адамның ойын улап, санасын торлап, ақылға тоқтау салып, халықты «мәңгүрт» қылатын жымысқы адамның ойлап тапқан «қаруы». Алла Құранда мұсылмандарды ойлануға, ізденуге, салыстыруға шақырса, ал Алла елшісі (с.ғ.с.): «Ақылы жоқтың – діні жоқ» деп ақылды өз орнымен пайдалануға үндеп отыр.

Ал бұлар ше? Құран аяттары мен хадистерді түсінуде сыртқы мәнімен шектеліп: «Дінді ақылмен түсінуге болмайды, ол – философия, яғни адасушылық» деген түсінікті қалыптастырды. Мақсаттарына жету үшін мешіт имамдары мен белгілі исламтанушы, теологтардың уағызын тыңдауға, кітабын оқуға тыйым салады. Олардың уағызын тыңдап, кітаптарын оқыған адам таза сенімі бұзылып, адасады деп түсіндіреді.

Сөйтіп, дінге жаңа келген адамның көңіліне өзгелерге деген сенімсіздік, жауы ретінде қарау танымын сіңіріп, өз айтқандарынан шықпайтындай хәлге келтіреді. Сол себепті аяттар мен хадистердің мәніне үңіліп, діннің рухын ақыл тұрғысынан саралай алмаған адамның мәңгүртке айналары сөзсіз.

**Сәләфизм – адамның иманды не имансыз екенін намазбен өлшеп, тілдерін кәлимаға келтіріп, мұсылман болған, бірақ намаз оқымайтын қандастарымызды «кәпірге» шығарып, ата-ана мен бала, бауырлардың арасына от салуды көздеген қитұрқы саясат.**

Анасының «бисмилләмен» пісірген тамағын жемей, әкесінің Алланың атымен бауыздап шалған құрбан етінен ауыз тимей, ата-анасының көңілін қалдырып жатқан балалардың жағдайы қандай өкінішті! Әкесіне қол, анасына дауыс көтеріп жатқан жас буын өкілдері де осы ағымның жетегінде жүргендер.

**Сәләфизм – әйелі мен күйеуін ажыратуды мақсат еткен, балаларды тірідей жетім, аналарымызды жесір етуді мақсатына айналдырған адастыратын ағым. Мемлекетіміз зайырлы ел болғандықтан тек АХАЖ бөлімдерінде тіркелген неке ғана заңды. Ал бүгінгі таңда мемлекеттің бүтіндігін бұзғысы келетін осы сәләфилер өз мақсаттарына жету үшін неке мәселесінде де түрлі зымияндықтарға барып жүргені белгілі.**

Яғни, жас қыздарды алдап, ата-анасының хабарынсыз, АХАЖ-дың куәлігін керек етпей, жасырын неке қидырып жатады. Тіпті олар неке қидыруға имамға да бармайды. Өз араларында бірнеше сүре жаттаған, некенің шарттарын біле бермейтін біреуге некелерін қидырта салады.

Осындай ағымдардың салдарынан «Азаматтық неке» және «Жыныстық жиһад» деген сынды некенің жаңа түрлері шықты. Мұндай некелер Ислам шариғатымен де, ата-баба дәстүрімен де үш қайсорпасы қосылмайды.

PS: *Қазақ қызыл империяның боданы болған жылдары дінінен ажырап қала жаздады. Діннен ажырату – ұлтты жоюдың тиімді жолы деп санаған отаршыл топ нәтижеге жетуге барынша ұмтылды. Тәуелсіздік алған жылдардан бері жастардың қайта дінге бет бұру процесі қарқынды жүруде. Бұл – жақсылықтың нышаны. Бірақ, ел тыныштығын сақтап қалу үшін жоғарыда аталған фундаменталистік ағымдар жетегіне ермеу қажет. Қазақтың салт-дәстүрін, тілін жат санамайтын ата-бабадан мирас болып қалған дәстүрлі діннен адаспай жол тапқан жөн.*

**Нұрлыбек САБЫРҒАЛИЕВ,**
**Ақтөбе облысы, Темір ауданы, «Шұбарқұдық кәсіпшілігі» мешітінің имамы,**
**Халықаралық Журналистер одағының мүшесі**

ДІН мен ДӘСТҮР

*Қазіргі таңда елімізде жұқпалы індеттің таралуы біраз қиындық тудырып тұр. Тіршілік деп ала таңнан жүгіретін адамдар төтенше жағдайдан кейін біраз титықтап қалды. Түрлі қауесеттің таралуы халықтың үрейін алып, қаупін күшейтті. Десе де, денсаулықты басты байлық деп білетіндер уақыт өте келе сабыр мен ақылға келді. Өз өмірін сақтау бәрінен маңызды екенін түсіне бастады.*



# ТОЙСЫЗ ӨМІР – «ҚАРАҢҒЫ ТҮНЕК» ЕМЕС

Алла Тағала Құранда «Бақара» сүресінің 216-аятында: **«Бір жек көрген нәрселеріңнің сендер үшін қайырлы болуы мүмкін. Және жақсы көрген нәрселеріңнің сендерге жаман болуы да мүмкін. Алла біледі, сендер білмейсіңдер», –** деген.

Сол үшін қазіргі жағдайдың бір жағынан қиындығы болса, екінші жағынан пайдасы болуы да мүмкін. Көптеген жанұяда ері мен әйелі, баласы мен ата-анасының арасындағы нәзік байланыс үзіліп, қарым-қатынас өзгере бастаған болатын. Себебі, ата-анада уақыт және тәрбиеге деген ықылас жоғала бастады.

Адамдар мейірімді отбасынан емес, сырттан іздеуге мәжбүр. Міне, ел ішіндегі карантин мерзімінде барлық отбасы мүшелері бір жып-жылы қарым-қатынасты сезінді… Теледидар, әлеуметтік желілер және смартфон ұрлаған бақыт қайта орнағандай… Ата-ана баласының жанында, өзара әңгіме, сұхбат әрі байланыс бар.

Тек тойсыз өмірге үйренбеген халық карантинді «қараңғы түнек» деп сезінгені болмаса…

Уақыт емші. Уақыт – қайғы мен қиындықты ұмыттырып емдегені секілді алдағы аңсаған армандарға жету үшін де өзіне тәуелді ететін негізгі күш. Тәуелсіздігімізді алып, егеменді ел болып, дінімізге бет бұра бастаған кезде жоғалған құндылықтарымызды қайта қолға ала бастадық. Рас, жеке басқа қатысты рәсімдерді орындау соншалықты қиын болмағанымен, көпшіліктің қатысуымен өтетін іс-шараларда ата-баба дәстүрі мен имандылық шарттарын сақтау оңайға соқпады.

Тұтастай кеңес үкіметінің тәрбиесінен өткен буын өкілдері үшін бұлардың бәрі жат, ерсі болып көрінді. «Бар жиғаным – иманым» дейтін қауым арасында имандылықтың қас дұшпаны «шайтан суды» адал ризықты дастарқанына, ақ тілек, бата айтылатын маңызды жиынына жақындатпауға деген орынды бастама көтерілді.

Әрбір жаңа нәрсеге алғашында жатырқай қарау заңды нәрсе ғой. Бірақ, арақсыз той өткізу қазақ үшін жаңалық емес, тек қана қайта жанданған атадан қалған сара жол болатын. Соның белгісі шығар, уақыт өте келе «халал тойлар» көпшілік тарапынан оң көзқарасқа ие болды.

Жұрттың бәрі арақсыз той өткізіп кетпесе де, арақсыз тойға қарсылық көрсетілмейтін, тіпті құпталатын дәрежеге жетті. Иә, алғашқыда қиын көрінген бұл іс уақыт өте келе етек жайды.

Қазақтың қуанышы да, «уайымы» да той. Той қазақ халқының өмірінде үлкен мәнге ие. Сондықтан, халықтың қайда бет алғанын, қандай жолды ұстанғанын тойына қарап аңғаруға да болады. Жоғарыда айтылған игі бастама «халал той» арақпен ғана шектелмей, халқымыздың басқа да озық үлгідегі әдет-ғұрыптарын жандандыруға ұласқанын көргенде уақыт талай нәрсені өзіне бағындыратынына көзің жете түседі екен.

Той – халықтың қазынасы. Қазақ халқы дүниеге шыр еткен шарана келсе де, баласы тәй-тәй басып жүрсе де қуанышын ағайынмен бөліседі. Ат шаптырып, аламан бәйге өткізбесе де қазақы салтпен той өткізушілер бар. Соңғы уақытта тоқшылықтан ба, ел ішінде аста - төк дүние көп болып кетті.

Даңғаза әуенге елтіген жұрт әйтеуір… ақсақалы бар, ақжаулықтысы бар жұлқынып билегенде, ұяттан тесік іздеп кетесің… Көп асқанға бір тосқан болатыны да белгілі еді…

Наурыз айынан бастап дүниежүзілік пандемия дертіне байланысты біраз кәсіп тұралады. Кәсібінен нан тауып жүргендердің қатарында асабалар да бар-тұғын. Карантин мерзімінде ас-құдайы, той-томалақ өткізуге тыйым салынды. Дерттің беті әлі қайтқан жоқ. Ауру өршімесе, азаймай отыр.

Ауылдық және қалалық жердегі ағайын жасырын болса да, жария болса да той-томалағы мен өлім-жітімін атқаруда. Тойханалардың жабылуы тойды бүтіндей тыйып тастамаса да, біраз ысырапшылдыққа тосқауыл қойды. Құда-жекжатына дейін тойға қалдырмай шақыратын қазаққа тойға келетін адам санын шектеу біраз қиындық тудырса да, оның да ебін тапты.

Бүгінде ел арасында ұл үйленіп, қыз ұзатылып жатыр. Шектеулі адам саны демесең, қазақтың әрбір тойы қазыналы ғой.

Десе де, осы кезде бұқара халық екіге бөлініп отыр: халықтың бір тобы той жасауды құптаса, ендігі бір тобы той жасауды тоқтата тұруды құптайды. Өйткені, мамандар адамдар көп шоғырланатын жерлерге дерттің таралу қаупі жоғары болатын ескертуде.

Дінімізде бір мұсылманға жазықсыз тіл тигізуге де, оның өміріне қауіп төндіруге де болмайды. Тіпті, жазықсыз адамды өлтіру жайында Қасиетті Құранда: **«Жазықсыз бір адамды өлтіру – бүкіл адамды өлтірумен тең»,** деп баяндалады.

Алла Тағала «Ниса» сүресінің 93-аятында: **«Кімде-кім мүмінді қасақана өлтірсе, оның жазасы жаһаннам және ол онда мәңгі күйеді. Алланың қаһары мен қарғысына ұшырайды. Тәңірі оған ауыр азап дайындайды»,** деген. Қарап отырсаңыз, бір адамның өмірінің соңында бүтін тағдыр тұр. Осы тұрғыдан алып қарағанда, «Карантин мерзімінде тойды шектеудің маңызы қаншалықты?» деген сұрақ туындайды.

Бір ауру адам сол тойда бірнеше адамға ауру жұқтырса, демек өзгеге залалы болмақ. Шынайы мұсылманның өзгеге қолы түгілі, тілімен зиян тартқызбайтынын ескерсек, тойды шектеу ақылға әлдеқайда қонымдырақ секілді.

Алла елшісі (с.ғ.с.): «Бір жерден оба шықты деп естісеңдер, онда барушы болмаңдар. Ал егер сендер тұрған жерден шықса, обадан қашып ол жерден шықпаңдар», – деген. Шариғат бойынша адам өмірі мен денсаулығын қорғау және сақтау – өте маңызды.

Ел ішіндегі тойға қатысты дау-дамай мұнымен толастамайды. Бай-байға, сай-сайға құям деп байбалам салып жүргендер де бар. Әсіресе, тойдан нәпақа тауып жүргендер дырдудың толастамағанын қалайтыны сөзсіз. Бұқара халық қиын кезеңді бастан кешіруде. Азық-түлік пен қаражат тапшылығы әр отбасынан сезіліп отыр.

Осындайда бізге той неге керек деген ойға қаласың. Қазақтың әр тойында бітпейтін алыс-беріс көп. «Алтын тақпадым» деп ағайынымен араз болып жатқандар тойды шектеу мәселесіне пысқырмасы анық.

Бірақ, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтты. «Қазір «тойың тойға ұлассын» деп әндетіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың әңгімесін айтып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арылу керек. Еңбек ету – өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуы тиіс. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі», – дейді Президент.

Ақылға салсақ, терең пайым бар. Озық технология қарыштап дамып жатқанда елімізде дені дұрыс еңселі зауыт та жоқ. Қара халық сырттан тауар тасып саудаының ізінде жүр. Күнкөріс қамы жұмыссыздыққа сеп болып тұр. Еңгезердей ер-азаматтар екі қолға бір күрек таппай, ошақ қасында отыр. Бұл бәрімізді ойландыратын мәселе болуы тиіс. Елдің, ұрпақтың болашағын ойласақ, біраз дүниеден тыйылуға тура келеді. Той тойламай кетсек те, қазіргі ысырапшылдықты тоқтатуға негіз бар. Елдің көші – бізден әлдеқайда ілгері.

**ТҮЙІН:**

***Індеттің тез таралуына орай еліміздегі той бизнесі тұралап қалғаны шындық. Бастысы ел ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін, тойдың пайдасы мен зиянын ажырата алса деген ізгі ниет бар. Әр қиындықтан сабақ алған әрине жақсы! Кинотеатрларды, мейрамханаларды жауып, той жасауға тыйым салғаны үшін билікке өкпелеу орынсыз. «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» десек, билік те елдің амандығы үшін осындай қадамға барып отыр. Ел аман, жұрт тыныш болсын.***

**Тұрар ТҮГЕЛҰЛЫ**

**Бет материалдары kazislam.kz сайтынан алынды**

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

### Марат Сейілбекұлы ҚОҢЫРБАЕВ!

«Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, мол тағылым мен парасат иесі ***Марат Сейілбекұлы ҚОҢЫРБАЕВ*** бүгінде асқаралы 60 жасқа толып отыр.

Марат Сейілбекұлы Қоңырбаев – өмір жолында еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие тұлға ретінде көпшіліктің игілігіне бөленіп жүрген абыройлы ер-азаматтардың бірі. Қалтқы сыз еңбегі арқасында талай лайықты марапаттарға ие болды. Заманауи тұлға ретінде қызметтің ең қызықты да қиын саласын тынымсыз шебер басқарып келеді

Білімді де іскер басшы Марат Сейілбекұлы Қоңырбаев, Сізді Жезқазған, Сәтбаев, Балқаш, Қаражал қалалық және Ұлытау, Ақтоғай, Жаңаарқа, Шет аудандық білім қызметкелерінің кәсіподақ ұйымдарының атынан құттықтай отырып, өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз!



**Жезқазған қалалық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы, білім бөлімі және білім беру ұйымдарының басшылары**

## 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ




### ТАРИХИ БІЛІМ ТАРИХЫ

***Кітапта архаикалық дәуірден біздің заманымызға дейінгі тарихи сананың қалыптасуы мен тарихи ойдың эволюциясы, тарихи білімнің кәсібилену процесі, оның ғылым пәні ретінде орнығуы кешенді түрде қарастырылып, тарихнама бойынша негізгі мектептер мен бағыттардың сипаттамасы беріледі әрі тарихты зерттеудің мәселелері, әдіснамасы, пәні мен міндеттерін түсінудегі өзгерістер жан-жақты зерделенеді.***

Бұған қоса еңбекте өткенді қабылдаудың түрлі формалары, тәсілдері мен деңгейлері, әртүрлі дәуірлердегі тарихи ой өкілдерінің концепциялары, орыс және шетел тарихшыларының әйгілі туындылары, тарихи білімнің табиғаты, шынайылық критерийлері, ғылыми және қоғамдық мәртебесі туралы заманауи пікірталастар талданады. Оқулық жоғары оқу орындарындағы тарих факультетінің студенттеріне, магистранттары мен докоранттарына, оқытушыларға және тарихқа қызығатын жалпы оқырман қауымға арналған.

Кітапта архаикалық дәуірден біздің заманымызға дейінгі тарихи сананың қалыптасуы мен тарихи ойдың эволюциясы, тарихи білімнің кәсібилену процесі, оның ғылым пәні ретінде орнығуы кешенді түрде қарастырылып, тарихнама бойынша негізгі мектептер мен бағыттардың сипаттамасы беріледі әрі тарихты зерттеудің мәселелері, әдіснамасы, пәні мен міндеттерін түсінудегі өзгерістер жан-жақты зерделенеді. Бұған қоса еңбекте өткенді қабылдаудың түрлі формалары, тәсілдері мен деңгейлері, әртүрлі дәуірлердегі тарихи ой өкілдерінің концепциялары, орыс және шетел тарихшыларының әйгілі туындылары, тарихи білімнің табиғаты, шынайылық критерийлері, ғылыми және қоғамдық мәртебесі туралы заманауи пікірталастар талданады. Оқулық жоғары оқу орындарындағы тарих факультетінің студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына, оқытушыларға және тарихқа қызығатын жалпы оқырман қауымға арналған.

### ДИПЛОМАТИЯ

***Роберт Трагердің бұл кітабында дипломатиялық амал-тәсілдердің халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлі қарастырылады.***

Автор жабық есік жағдайындағы әңгімелесудің халықаралық тәртіп орнату мен соғыстардың басталуына қалай түрткі болатынын ойын теориясына сүйеніп, нақты тарихи мысалдар көмегімен ашып көрсетеді. Кітаптың басты зерттеу нысаны – «құпия дипломатия» және оның механизмдері.

Бұл еңбекке Британ империясының көпжылдық дипломатиялық байланыстар тарихынан сыр шертетін «Құпия жазбалар» деген атпен белгілі мұрағат деректері арқау болған.

### ҰЙЫМДЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

***Ұйымның өзегі – қызметкер. Қызметкерлердің мінез-құлқы әр алуан, әр адам жеке тұлға екенін ескеріп, оның тұлғалық ерекшелігі мен қызметі, ұйымның дамуына қосатын үлесі арасындағы байланысты басқару аса маңызды.***

Қарамағындағы қай қызметкер қандай мінез-құлық көрсететінін, ол жалпы ұжымның қызметіне қалай әсер етіп, ұйымның табысқа жетуіне немесе кері ықпал ететінін білу – әр басшының, әсіресе HR-менеджердің міндеті. Ұжымды дұрыс басқару, қызметкерлер мотивациясын арттыру, оған кері әсер ететін кертартпа элементтерді анықтау, олармен жұмыс істеу, үздік мінез-құлық үлгілерін анықтап, оларды ынталандыру – психология, әлеуметтану және менеджмент тоғысындағы ілімді меңгеруді талап ететін күрделі жұмыс. Осы күрделі тақырыпқа арналған Стивен Роббинс пен Тимати Джаджның әлемге танымал еңбегінің қазақ тіліне 14-басылымы аударылып отыр.

### HR-МЕНЕДЖМЕНТКЕ КІРІСПЕ

***Кез келген ұйымның басты байлығы – адам ресурсы. Ұйым қызметінің нәтижелі болуы, табысқа жетуі де осы ресурсты қалай басқарып, қалай бағыттап, ынталандырып отыруына байланысты.***

Адам ресурстарын басқару – HR-менеджменттің табыстылығы әр қызметкерді тұтас механизмнің бір бөлшегі ғана емес, жеке адам, құндылықтары, мінезі, өмірлік тәжірибесі, арманы мен мақсаты бар дара тұлға деп қабылдаудан басталады.

Қызметкерді жұмысқа қабылдаудан бастап, оның қызмет бабымен өсуі, ұйымның дамуына, табысқа жетуіне үлес қосуы, осы жолда бар білімі мен тәжірибесін пайдалануы, оқуы, жетілуі, дамуы – психология, әлеуметтану және менеджмент тоғысындағы ілімнің зерттеу нысаны.




## МАМАН КЕҢЕСІ

# АНТИБИОТИК ІШЕМ ДЕП ӘЛСІРЕП ҚАЛМАҢЫЗ

***Медицина ғылымдарының докторы, жоғары санатты дәрігер Раушан ҚАРАБАЕВА коронавирус жұқтырған науқастар антибиотик қабылдауға асықпауы керек дейді.***



– Қазіргі уақытта КВИ жұқтырғандардың еш қадағалаусыз антибиотик қабылдап жатқанын байқадық. Антибиотиктер ағзаның иммундық жауабын қалыптастыруға қажетті ішек микрофлорасын бұзады. Сәйкесінше, пациенттің иммунитеті одан әрі төмендей түседі. Одан бөлек, қажетсіз антибиотикті тағайындау – микроағзаларды бактерияға қарсы заттарға тұрақты және төзімді етеді. Бұл – өте өзекті жаһандық мәселе деуге болады, адам бойында антибиотикті сезбейтін микроағзалар штаммы пайда болады және келешектегі бактериялық инфекцияларды емдеу ісіне ықпал етеді, – деді дәрігер Орталық коммуникациялар қызметінде өткен онлайн конференцияда.

Сонымен бірге, дәрігер ауыр инфекцияларда ғана қолданылатын резервті антибиотиктердің де пайдаланылып жатқанына алаңдаушылық білдірді.

– Оған жол беруге болмайды, себебі пациенттің жағдайын одан әрі ауырлатуы мүмкін. Бактериялық компонент болған кезде коронавирусты антибиотиктермен тек дәрігердің нұсқауымен ғана емдеу қажет, – деді Р. Қарабаева.

# СИМПТОМСЫЗ ДЕП САЛҒЫРТ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ



***Медицина ғылымдарының докторы, жоғары санатты дәрігер Раушан Қарабаева короновирус инфекциясы бар симптомсыз және симптомы аз науқастардың үйде емделу жолдарын да түсіндірді.***

– Коронавирус инфекциясының симптомы аз немесе симптомсыз науқастар үйде емделуі керек. Әрине, олар өздігінен ем қабылдап жатыр және дәрігерлер мұндай науқастардың ем-домын реттеп отыруы керек. Коронавирустың симптомы аз түрі патогенетикалық емдеуді, дәлірек айтқанда вирусқа қарсы, антибактериялық, тромбқа қарсы препараттар тағайындауды қажет етпейді. Мұндай пациенттер емдеу-сақтану режимінде ақуызы көп тамақ жеп, сұйықтықты көп ішуі керек. Оларға С, Д дәрумендері және дене қызуы көтерілген жағдайда Парацетамол, Ибупрофен сынды қызу түсіретін дәрілер тағайындалады, – деді дәрігер Орталық коммуникациялар қызметінде өткен онлайн конференцияда.

Оның айтуынша, С дәруменінің үлкен дозасы тағайындалған жағдайда, бүйрек ауруларының, несеп-тас ауруының күшеюі мүмкін екендігін есте сақтаған жөн. Егер дене қызуы 38 градустан асқанда, бұлшықет ауырып, әлсіздік байқалса, бас ауырып, жөтел пайда болса, кеуде тұсы ауырса дәрігерге жүгініп, өкпе қабынуының алдын алу керек. Ол үшін көкірек қуысына рентгенологиялық зерттеу немесе компьютерлік томография жүргізіледі.

– Коронавирус инфекциясындағы этиотропты (негізгі) ем – вирусқа қарсы препараттар тағайындау. Қазіргі уақытта КВИ емдеу үшін Лопинавир/Ритонавир, Гидроксихлорохин, Фавипиравир және Ремдесевир сынды дәрілік заттар жазылады. Бұл ретте аталған дәрілердің белгілі бір қауіп төндіретінін, жүрек пен бауырға уытты әсер ететінін атап өткен жөн. Осыған байланысты симптомы аз және симптомсыз науқастарға бұл дәрілерді өздігінен қабылдаудың қажеті жоқ. Бұл препараттарды дәрігерлер ғана стационарлық жағдайда бере алады, – деді Раушан Қарабаева.

**Дереккөз: ҚазАқпарат**

